

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТІРЛІГІ

«SDU UNIVERSITY» МЕКЕМЕСІ

ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАР ФАКУЛЬТЕТІ
«ҚҰҚЫҚТАНУ» КАФЕДРАСЫ

Давлетова Алтынай Қуандыққызы

**ШАРУАШЫЛЫҚ СЕРІКТЕСТІК ҚҰРЫЛЫМЫНДАҒЫ
ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛДЫҢ РӨЛІ**

МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯ

7M04202 – «Ақпараттық технологиялар құқығы»

Қаскелең, 2025

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ

«SDU UNIVERSITY» МЕКЕМЕСІ

ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАР ФАКУЛЬТЕТІ
«ҚҰҚЫҚТАНУ» КАФЕДРАСЫ

«Қорғауға жіберілді»
«Құқықтану»
кафедрасының меңгерушісі
PhD, ассистент-профессор

Копбаев А.Б.



« 30 » _____ 2023 ЖЫЛ

МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯ

Тақырыбы: «Шаруашылық серіктестік құрылымындағы жарғылық
капиталдың рөлі»

7M04202 – «Ақпараттық технологиялар құқығы»

Орындаған

Давлетова А.К.

Ғылыми жетекші
PhD, қауымдастырылған
профессор









Естемиров М.А.






Қаскелең 2025

КҮНТІЗБЕЛІК КЕСТЕ

**«Шаруашылық серіктестік құрылымындағы жарғылық капиталдың рөлі»
тақырыбы бойынша магистрлік диссертацияны орындау және ұсыну
күнтізбелік кестесі**

**2 - курс магистранты, «7M04202» – «Ақпараттық технологиялар құқығы»
мамандығы**

№	Бөлім атаулары	Жетекшіге ұсыну мерзімдері	Орындалуы	Ғылыми жетекшінің қолы
1	Магистрлік диссертация тақырыбын таңдау және бекіту. Жетекшіні тағайындау	02.10.2023	орындалды	
2	Магистрлік диссертацияны орындау үшін тапсырмаларды алу және әзірлеу	09.10.2023	орындалды	
3	Теориялық материалды таңдау және ғылыми жетекшіге ұсыну	15.11.2023	орындалды	
4	Практикалық материалдарды іріктеу, теориялық және практикалық материалдарды жүйелеу және ғылыми жетекшіге ұсыну	13.12.2023	орындалды	
5	Магистрлік диссертацияның/жобаның бірінші бөлімін жазу	18.01.2024 - 03.05.2024	орындалды	
6	Магистрлік диссертацияның/жобаның екінші бөлімін жазу	01.09.2024 - 03.11.2024	орындалды	
7	Магистрлік диссертацияны/жобаны рәсімдеу	01.04.2025	орындалды	
8	Плагиаттың бар немесе жоқтығын тексеру үшін магистрлік диссертацияны /	12.05.2025	орындалды	

	жобаны жіберу			
9	Магистрлік диссертацияны / жобаны норма бақылауға бағыттау	13.05.2025	орындалды	
10	Магистрлік диссертацияны / жобаны алдын-ала қорғау	19.05.2025	орындалды	
11	Магистрлік диссертацияның / жобаның пікір алуға жолдау	20.05.2025	орындалды	
12	Магистрлік диссертацияны / жобаны кері қайтарып алу және МАК-ға қарастыруға жолдау	01.06.2025	орындалды	
13	Магистрлік диссертацияны / жобаны қорғау	19.06.2025	орындалды	

Тапсырманы беру күні «09» қазан 2023 ж.

«Құқықтану» кафедрасының
меңгерушісі

PhD, ассистент-профессор
Копбаева А.Б



Ғылыми жетекші

PhD, қауымдастырылған
профессор
Естемиров М.А.



Тапсырманы орындауға
қабылдаған магистрант

Давлетова А.Қ.



МАЗМҰНЫ

ҚЫСҚАРТЫЛҒАН СӨЗДЕР ТІЗІМІ.....	5
КІРІСПЕ.....	6
1 ШАРУАШЫЛЫҚ СЕРІКТЕСТІКТЕРДЕГІ ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛ.....	10
1.1 Корпоративтік құқықтағы жарғылық капиталдың рөлі.....	10
1.2 Жарғылық капиталға байланысты нормаларды бұзған және сақтамаған кездегі тәуекелдер.....	16
2 ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕЛУІ.....	20
2.1 Жарғылық капиталдың құқықтық реттелуіндегі теориялық және практикалық мәселелер.....	20
2.2 Жарғылық капиталды азайту және ұлғайту бойынша заңнамадағы оққылық.....	23
3 ЦИФРЛЫҚ ВАЛЮТАЛАРДЫ ШАРУАШЫЛЫҚ СЕРІКТЕСТІКТЕРДІҢ ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛЫНА САЛЫМ РЕТІНДЕ ҚОЛДАНУ.....	29
3.1 Жарғылық капиталды цифрлық валютамен төлеу.....	29
3.2 Шетелдік практикада цифрлық валютаны қолдану үрдісі.....	34
3.3 Қазақстан Республикасында цифрлық валютаны қолдану перспективалары.....	38
ҚОРЫТЫНДЫ.....	45
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	49

ҚЫСҚАРТЫЛҒАН СӨЗДЕР ТІЗІМІ

ШС – Шаруашылық серіктестік

ЖШС – Жауапкершілігі шектеулі серіктестік

MiCA - Markets in Crypto-Assets

ҚР – Қазақстан Республикасы

GmbH – Gesellschaft mit beschränkter Haftung (Германиялық ЖШС)

ҚР АҚ – Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі

BTC – Bitcoin

P2P - Peer-to-peer

АЕК – Айлық есептік көрсеткіш

ТМД – Тәуелсіз мемлекеттер достастығы

ҚҚС – Қосылған құн салығы

SIA – Sabiedrība ar ierobežotu atbildību (Латвиялық ЖШС)

SRL - Società a responsabilità limitata (Италиялық ЖШС)

ООО – Общество с ограниченной ответственностью (Ресейлік ЖШС)

LLC – Limited liability company (АҚШ ЖШС-сы)

АХҚО – Астана халықаралық қаржы орталығы

DLT - Distributed Ledger Technology

КІРІСПЕ

Жұмыста азаматтық заңнаманы және сот практикасын талдау жолымен шаруашылық серіктестіктер тәжірибесіндегі жарғылық капиталдың құқықтық мәртебесі қаралады, сондай-ақ Қазақстан Республикасының корпоративтік мәдениетіндегі цифрлық валюталардың мәртебесі сипатталады. Қазіргі таңда кәсіп жүргізудің тиімді түрі ретінде шаруашылық серіктестіктер қарастырылғандықтан, мемлекетімізде осы іспеттен кәсіп жүргізілу кең тараған. Қазақстан заңнамасында Шаруашылық серіктестіктердің құрылуының мемлекет тарапынан бекітілген негіздерінің бірі – жарғылық капиталды құру болғанымен, тәжірибеде жарғылық капитал құрылмағанынан кәсіптер тәуекелге ұшырамайды, және осы себептен кредиторлар алдында жауапкершілік артпауына тиімді мүмкіндік болып табылады. Жұмыста заңнаманың осал тұстары анықталып, сот практикасында кездесетін даулар қарастырылып, заңнамаға қосымша толықтырулар ұсынылады.

Өзектілігі. Жарғылық капитал шаруашылық серіктестіктердің құрылуы мен жұмыс істеуінің негізі бола отырып, корпоративтік құқықтың негізгі институттарының бірі болып табылады. Ол кредиторлар алдындағы міндеттемелердің орындалуына кепілдік беретін және компанияның қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ететін «қатты капитал» ретінде танылып келеді. Заң шығарушы жарғылық капиталдың минималды мөлшерін және оның қалыптасу нормаларын белгілейді, бұл бизнесті жүргізу кезінде «сақтық принципін» көрсетеді. Экономиканы заманауи цифрландыру және активтердің жаңа түрлерінің, ең алдымен криптовалютаның пайда болуы құқықтық реттеу үшін жаңа сын-қатерлер туғызады. Қазақстан Республикасында цифрлық активтер ресми түрде мүлік деп танылады, алайда олар төлем құралы болып табылмайды және оларды төлем операцияларында пайдалануға тыйым салынған. Осыған байланысты туындайтын өзекті мәселе: қолданыстағы заңнама аясында шаруашылық серіктестіктің (атап айтқанда ЖШС) жарғылық капиталына ақшалай емес салым ретінде криптовалютаны енгізуді процесі және реттелуі болады.

Халықаралық тәжірибе мұндай операцияларды заңдастыру тенденцияларын көрсетеді: мысалы, Латвиядағы MiCA Еуропалық регламентінің стандарттары бойынша 2024 жылдың аяғынан бастап ЖШС жарғылық капиталындағы үлестерді криптоактивтермен төлеуге рұқсат етіледі. Аталған факторлар криптовалютаны қоса алғанда, ақшалай емес салымның инновациялық нысандарын ескере отырып, Шаруашылық серіктестіктердегі жарғылық капиталдың рөлін кешенді зерттеу қажеттілігін растайды.

Ғылыми жаңалығы және практикалық маңыздылығы. Осы зерттеудің ғылыми жаңалығы – Қазақстан Республикасында корпоративті алаңында кездеспеген практика шеңберінде криптовалютаны ақшалай емес салым ретінде пайдалану мүмкіндігін талдауды шаруашылық серіктестіктердің жарғылық капитал институтын кешенді зерделеу жүргізіліп жатқандығымен байланыстыру. Жарғылық капиталға салымның инновациялық нысаны ретінде криптовалютаға

арналған цифрлық дамудың заманауи трендтерін көрсететін үшінші бөлім жұмыста ерекшеленеді. Жұмыстың практикалық маңыздылығы Қазақстан Республикасының заңнамалық базасын және құқық қолдану практикасын жетілдіру бойынша ұсынымдар әзірлеуден тұрады. Зерттеу нәтижелері заң шығарушыларға және реттеушілерге нормативтік актілерді әзірлеу кезінде және мүліктік салымдардың жаңа түрлерін ескере отырып, жарғылық капиталды ұйымдастыру және өзгерту туралы шешім қабылдау кезінде пайдалы болуы мүмкін.

Мәселенің қазіргі жағдайы. Ғылыми әдебиеттерде жарғылық капиталдың функциялары мен құқықтық маңызы, оның ішінде оның кепілдік рөлі кеңінен талқыланады. Дегенмен, кейбір авторлар қазіргі реттеу осы функциялардың орындалуын әрдайым толық қамтамасыз ете бермейді деп санайды. Қазақстан Республикасының заңнамасында ЖШС жарғылық капиталы құрылтайшылардың салымдары есебінен қалыптастырылады: заңда салымдар ақша, бағалы қағаздар, заттар, мүліктік құқықтар (зияткерлік қызмет нәтижелерін және өзге де мүлікті қоса алғанда) болуы мүмкін екендігі тікелей көзделген. Бұл кез-келген материалдық мүлікті енгізуге мүмкіндік береді, бірақ заңда криптовалюталар ұғымы арнайы орын алмаған.

Криптовалюталар төлем құралы болып саналмайды және оларды бағалау және капиталға енгізу кезінде есепке алу мәселелері әлі тәжірибеде пысықталмаған болғанымен, ҚР Азаматтық заңнамасында цифрлық активтер мүлік ретінде танылады, бұл олардың салым ретінде есептелуіне теориялық тұрғыдан мүмкіндік береді. Шетелдік зерттеулер мен тәжірибелер цифрлық активтердің жарғылық капиталға енгізу тақырыбын белсенді талқылауда. Аталмыш себептерден, криптовалютаны жарғылық капиталға енгізу рәсімдерін құқықтық бекіту мәселесі отандық және шетелдік ғылымда өзекті болып табылады және ол әлі де жеткілікті реттелмеген сала.

Зерттеу мақсаты. Қазақстанның қолданыстағы заңнамасын және қолданыстағы жарғылық капиталды және оның құқық теориясындағы функцияларын түсіну тәсілдерін зерделеу арқылы ЖШС жарғылық капитал институтының құқықтық табиғатын белгілеу. Сонымен қатар, инновациялық ақшалай емес салым ретінде криптовалютаны жарғылық капиталға енгізу мүмкіндігін талдау. Осы мақсатқа жету үшін диссертацияда келесі міндеттер бекітіледі:

1. Жарғылық капитал институтын талдау, оны түсіну тәсілдерін нақтылау;
2. Азаматтық құқық теориясында бар жарғылық капиталдың функцияларын зерттеу;
3. Жарғылық капиталды реттеу кезінде қолданылатын заңнамадағы олқылықтарды анықтау;
4. Азаматтық құқықтық істер бойынша жарғылық капитал тақырыбын қозғайтын сот практикасын талдау;
5. Қазақстан Республикасында цифрлық валюталарды пайдалану тәсілдері мен перспективаларын талдау.

6. Шетел практикасында жарғылық капиталға криптовалютананы пайдаланудың тәжірибесін зерделеу және үздік тәжірибелерді анықтау.

Зерттеу нысаны мен пәні.

Нысан – Шаруашылық серіктестіктердегі жарғылық капитал институты.

Пән – жарғылық капиталды ұлғайту, азайту және оны қалыптастыру тәртібі, жарғылық капиталға салымдарды биткоин және өзге де криптовалюталар түрінде салу мүмкіндіктерін талдау алынды.

Зерттеу әдістері. Жұмыста жалпы ғылыми және арнайы таным әдістері қолданылады. Олардың ішінде-талдау, синтез, жүйелік және салыстырмалы-құқықтық талдау, ресми-құқықтық әдіс. Заңнаманы және құқық қолдану практикасын зерделеу кезінде нормативтік-құқықтық әдіс қолданылды. Шетелдік тәжірибені талдау үшін салыстырмалы құқықтық әдіс қолданылды.

Зерттеудің нормативтік базасы. Диссертацияның нормативтік базасын Қазақстан Республикасының заңнамалық және нормативтік құқықтық актілері, оның ішінде Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі № 268-ХІІІ, «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасының N 220-І Заңы және «Цифрлық активтер туралы» Қазақстан Республикасының № 193-VІІ Заңы, оларға түсініктемелер, ресми түсініктемелер мен сот практикасы, сондай-ақ халықаралық және Ұлттық ғылыми жарияланымдардың материалдары құрайды.

Шетелдік заңнама: MICA Regulation (EU) 2023/1114 of the European Parliament and of the Council of 31 May 2023, Жауапкершілігі шектеулі қоғам туралы Германия Заңы, Федеральный закон от 08.02.1998 N 14-ФЗ. Сонымен қатар, басқа елдердің корпоративтік заңнамасының реформалары талдана отырып, Қазақстанда озық тәжірибе мен оны қолдану мүмкіндіктері бағаланды.

Зерттеудің эмпирикалық базасы. Зерттеудің эмпирикалық негізі ретінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы, ұлттық және халықаралық статистикалық деректер, сонымен қатар шетел мемлекеттерінің құқықтық тәжірибелері алынған. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің деректеріне сүйене отырып, елімізде тіркелген жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің (ЖШС) саны және олардың жарғылық капиталының көлемі қарастырылды. Салық кодексі және Азаматтық кодекс аясында тіркелген кәсіпорындардың жарғылық капиталға қатысты міндеттемелерін орындау көрсеткіштері зерттелді. Сонымен қатар, зерттеу жұмысының эмпирикалық базасы заңнамалық актілерге, статистикалық мәліметтерге, сот тәжірибесіне және халықаралық салыстырмалы талдауға негізделі отырып қалыптастырылды. Бұл жарғылық капитал институтының теориялық негізін практикалық контексте бағалауға мүмкіндік берді.

Диссертациялық зерттеудің құрылымы. Диссертация кіріспеден және үш негізгі бөлімнен құралады. Негізгі бөлімдер өзара екі-үш тараудан тұрады. Автордың ойын түйіндейтін қорытынды бөлімі және диссертациялық зерттеу аясында қолданылған әдебиеттер тізімі диссертацияның аяғында кездеседі.

Бірінші бөлімде Шаруашылық серіктестіктердің жарғылық капиталы ұғымы және оның функциялары ашылады, «қатты капиталдың» кепілдік мәні талданады. Жарғылық капитал туралы нормаларды бұзудың құқықтық тәуекелдері мен

салдарына ерекше назар аударылады.

Екінші бөлім жарғылық капиталды құқықтық реттеудің теориялық және практикалық мәселелеріне арналған: капиталды қалыптастыру, ұлғайту және азайту тәртібі, ақшалай емес салымдар жағдайында оны бағалау мәселелері, сондай-ақ капитал өзгерген кезде қатысушылар мен кредиторлардың мүдделерін қорғаудың қолданыстағы шектеулері мен тетіктері зерттеледі.

Соңғы, яғни үшінші бөлім жаңа аспектілерді қарастырады: ЖШС жарғылық капиталына криптовалютанан енгізу мүмкіндігі талданады. Бұл тарауда осы саладағы қолданыстағы Қазақстандық заңнаманы құқықтық талдау, шетелдік тәжірибені зерттеу (атап айтқанда, Шетелдік мемлекеттерде капиталды қалыптастыру үшін криптоактивтерді қолдану) және нормативтік базаны жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу қамтылған. Тарау зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы мен өзектілігін ашады.

1 Шаруашылық серіктестіктердегі жарғылық капитал

1.1 Корпоративтік құқықтағы жарғылық капиталдың рөлі

Экономиканың дамуы мен құқықтық мемлекеттің қалыптасуы жағдайында Қазақстан заңнамасы үнемі жетілдіріліп отырады. Қолданыстағы құқық жүйесін реформалаудың негізгі бағыттарының бірі азаматтық және корпоративтік құқық институттарын жетілдіру, атап айтқанда, ашықтық, жариялылық негізінде тиісті қатынастар құру, нарыққа қатысушылардың мүдделерін сақтаудың құқықтық кепілдіктерін белгілеу болып табылады. Бәсекелестік жағдайында шаруашылық серіктестіктердің (бұдан әрі – ШС) – құқықтық нысаны бар ірі ұйымдардың қызметі маңызды рөл атқарады. ШС – жарғылық капиталы құрылтай құжаттарында айқындалған мөлшердегі үлестерге бөлінген бір немесе бірнеше тұлға құрған коммерциялық ұйым деп танылады.

Шаруашылық серіктестіктер өзара төрт түрге бөлінеді – толық серіктестік, сенім серіктестігі, жауапкершілігі шектеулі серіктестік, қосымша жауапкершілігі бар серіктестік. Шаруашылық серіктестіктердің қызметтерін реттеу мақсатында заңнамада екі негізгі Заңдар қолданылады. Толық серіктестік пен сенім серіктестігі қызметтері – «Шаруашылық серіктестіктері туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 2 мамырдағы № 2255 Заңымен, ал жауапкершілігі шектеулі серіктестік, қосымша жауапкершілігі бар серіктестік «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасының N 220-І Заңымен реттеледі. Азаматтық құқықтың маңызды институттарының бірі – жарғылық капитал институты екені анық, ол басқа іргелі институттардың қатарында болашақта зерттеуде ашылатын мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған.

ШС жеке немесе құрылтайшылар қоғамында құрылады. Корпоративтік басқарудың негізгі принциптеріне мыналар жатады:

- қоғамға барлық қатысушылардың құқықтарының теңдігі;
- ұйым қызметін және қатысушылардың менеджмент әрекеттерін бақылау мүмкіндігі;
- басқару және иелену функцияларын бөлу;
- менеджмент функциялары тек қана жедел басқару мәселелерімен шектелген кезде ірі қатысушылардың корпорациясының жедел қызметіне араласпау;
- корпорацияның әртүрлі субъектілер алдындағы жауапкершілігі, мысалы, қоғамдық құрылымдар, серіктестер және басқалар.[3, 53 б.]

ШС-ті осы қағидаттармен қамтамасыз ету үшін осы қызметтегі жарғылық капиталдың рөлін анықтау қажет. Жарғылық капитал ШС-тің негізгі санаттарының бірі болып табылады, оның көмегімен капиталды біріктіруге қол жеткізіледі. Жарғылық капиталдың белгіленген мөлшеріне қатысты заңның ережесі қазіргі уақытта корпоративті саланы зерттеушілердің арасында жан-жақты пікірталастар орын алады. Зерттелген көптеген азаматтық құқық ғалымдары жарғылық капитал зерттеу жүргізді және осы институттың анықтамасы бойынша өз ұстанымдарын ұстанды. Қазіргі ғалымдардың көпшілігі

белгіленген соманы кредиторлардың құқықтарын қорғаудың жарғылық капиталының негізгі функциясын қамтамасыз ету үшін жеткіліксіз деп санайды. Е. А. Суханов жарғылық капитал деп корпорацияның жарғысында белгіленген мүліктің жиынтық құнын түсіну дәстүрге айналған деп санайды, ал «жарғылық капитал», «жарияланған капитал» және «негізгі капитал» ұғымдарын баламалы ретінде пайдалануға болады [3, 58 б.]. Ал С. Ю. Филиппова заң әдебиеттерінде экономикалық қоғамның жарғылық капиталының табиғатын анықтауда материалдық сипатын ұсынады. Оған сәйкес жарғылық капитал – бұл қатысушылардың салымдарын біріктіру арқылы қалыптасқан корпорацияның мүлкі және ресми, оған сәйкес жарғылық капитал тек шартты шама, экономикалық қоғамның жарғысында көрсетілген сан, қатысушылар сатып алған үлестердің номиналды құнынан тұрады [4, 28-29 б.]. Нормативтік құқықтық актілерде аталмыш сипатты растауға болады, бірақ жарғылық капиталдың ресми теориясы неғұрлым қисынды түрде қарастырылады. Басқа көзқарасты жақтаушылар жарғылық капитал ұйымның меншігі емес деп санайды. Ол тек «жарналарды» төлеуге енгізілген салымдардың жиынтық ақшалай бағасын көрсетеді. [5, 5 б.]

Шаруашылық серіктестікті құрудағы талаптардың бірі – жарғылық капиталды құру болғандықтан әрбір түріне жеке тоқталу керек. «Шаруашылық серіктестіктері туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 13-бабына сәйкес: Толық серіктестіктің қатысушылары жарғылық капиталға үлес қосқан сәтте Қазақстан Республикасында заңдармен белгіленген есептік көрсеткіштің жиырма бес мөлшерінен кем болмауы керек. Толық серіктестікті құрарда Жарғы немесе қатысушылардың жалпы жиналысынына міндеттер көзделмегендіктен басқа серіктестіктерге қарағанда құрылу жағынан оңай көрінгенімен, Құрылтайшылар кредиторлар алдында өздерінің барлық мүлкімен жауапты болатындығы серіктестіктің осы түрінің кең таралмағанының көрінісі. Сенім серіктестігінің жарғылық капиталы толық серіктестер мен салымшылардың салымынан құралады және жарғылық капиталға салым салған сәтте Қазақстан Республикасында заңмен белгіленген елу есептік көрсеткіш мөлшерінен кем болмауға тиіс («Шаруашылық серіктестіктері туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 28-бабы). Қазіргі уақытта Жауапкершілігі шектеулі серіктестік және Қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктің жарғылық капиталының ең төменгі мөлшері нөлдік деңгейді құрайды. Зерттеу жұмысы корпоративті тұлғаларға ең тиімді және жеңілдетілген жолды анықтау болғандықтан зерттеу Шаруашылық серіктестіктердің осы екі түрі негізінде жүргізіледі. Жарғылық капиталдың нөлдік деңгейі кредиторлардың талаптарын қанағаттандыруға мүмкіндік бермейтіні анық. Сонымен қатар, жарғылық капитал ұйымның қолма-қол ақшамен немесе банктік шотта үнемі табыла алатын және қолданылатын ақша сомасы емес. Сондықтан, жарғылық капитал құрылмаса оның ең үлкен мөлшері ретінде көрсетілген құжаттары да кредиторлардың талаптарын қанағаттандыруы екі талай, және енгізілмегендіктен қатысушылардың субсидиарлық жауапкершілігі де болмайды. Мысалы, коммерциялық емес ұйым өзінің жарғылық мақсаттарына сәйкес келетіндей кәсіпкерлік қызметпен айналыса алады [6], сондықтан

олардың да кредиторлары болуы мүмкін. Бірақ заң бұл ұйымдардан жарғылық капиталды құруды талап етпейді. Бұл коммерциялық емес ұйымдардың кредиторлары жарғылық капиталы болуы керек ЖШС кредиторларына қарағанда аз дәрежеде қорғалған дегенді білдіре ме?

ШС үшін жарғылық капиталдың нақты функциясы компания қызметінің басталуын қаржыландыру болуы мүмкін. Құрылтайшылар компанияның бастапқы шығындарын төлеу үшін ақша мен басқа мүлікті салады, мысалы, қызметкерлердің жалақысы, шикізат, тауарлар, жабдықтар, өндірістік үй-жайлар, кеңсе және т.б. Бизнестің кез-келген түрі өз шығындарын талап етеді. Бірақ жеке компанияның бастапқы капиталының мөлшері қандай болуы керек екенін мемлекеттің бекітетіні коммерциялық ұйымдарға қаншалықты еркіндік береді?

«Talrun» корпоративтік құқықты зерттеу орталығы Caspian University-мен бірлесіп 2020 жылғы 13 ақпанда ШС-те жарғылық капиталдың өзекті мәселелерін талқылауға арналған Корпоративтік құқық пікірталас клубының кезекті отырысын өткізді. Отырыста корпоративтік құқық саласындағы білікті мамандар мен зерттеушілер, оның ішінде С.И. Климкин қатысқан. Пікірталаста талқыланған мәселелер бойынша түйін:

1. *Егер жарғылық капитал өз функцияларын орындамаса, онда жарғылық капиталдың ШС-терде қажеті жоқ деген қате түсінік.* Жарғылық капиталдың құралуы бойынша міндеті кәсіпті бастамас бұрын міндеттелсе де, нағыз функцияларын тек кәсіптің қызу барысында немесе ликвидация барысында орындайды. Сол себепті, Шаруашылық серіктестік қызметін атқарып жүру барысында кредиторлар алдында ешқандай жауапкерсіздік жасамай, салықтарын орынды және уақытылы өтеп жүрсе, сот істерінде адал емес әрекеттер жасаған (недобросовестное) заңды тұлға ретінде танылмаса, иә, жарғылық капиталды қолдануға қажеті туындамайды. Дегенмен, ешқандай заңды тұлға еңсерілмейтін күш жағдайларынан сақтандырылмаған.

2. *Жарғылық капитал құрылтайшылардың салымдарын анықтау үшін қажет.* Бұл пікір зерттеушілер арасында сынға ұшырады, бір тарапынан практикатар қатысушылардың үлестерін олардың келісімімен (құрылтай шартымен, қатысушылардың жеке келісімімен) анықтауға, Жарғыда бекітуге болады деген ойға сілтеме жасады. Алайда, бұндай жағдайда, үлестердің мөлшері туралы ақпаратты заңды тұлғалардың дерекқорына (тізіліміне) енгізу қажет, және мемлекеттік тіркеуші органдарда бекіту қажет, әйтпесе бұл деректер құрылтайшылар арасында өзгертіліп өз мүдделеріне сәйкестендіріп қолдану қаупі туындайды.

3. *Егер жарғылық капитал болмаса, онда салымдар неден есептелетіні белгісіз.* Барлық қатысушылардың жарғылық капиталдағы үлестері және тиісінше олардың шаруашылық серіктестік мүлкінің құнындағы үлестері (мүліктегі үлес), егер құрылтай құжаттарында өзгеше көзделмесе, олардың жарғылық капиталдағы салымдарына бара-бар болады. ШС-тің жарғысында құрылтайшылар туралы мәліметтерде қай құрылтайшы нақты қанша салым енгізгені көрсетілмейді, ол тек құрылтай құжатында және хаттамада анықталады. Жарғыда құрылтайшылардың шаруашылық серіктестіктегі үлесі тек пайызбен (%) көрсетіледі. Осы орайда, жарғылық капитал құрылмаса, тараптардың қандай мөлшерде үлеске ие екенін

анықтауда қиындық туындайтын еді.

4. *Жарғылық капиталдың белгіленген минималды мөлшер талаптары кәсіпкерлер үшін қиындық туғызбайтындай есептелінген.* Біз мемлекеттің кәсіпкерлікті дамытуға дұрыс ұмтылатынын түсінуіміз керек, сондықтан жарғылық капитал мөлшерінің өзі жеке негіздемені талап ететіндігін ескере отырып, ШС мекемесі үшін үлкен жарғылық капитал түрінде тосқауыл қоюы екіталай. Бұл ретте өз мүдделерін қамтамасыз ету көбінесе ШС-пен шарт жасасатын кредиторлардың өздеріне жүктеледі. Дегенмен, ұмытпаған жөн, заң шығарушы орган кредиторларға өз мүдделері үшін қауіпсіздік шараларын қолдана алу мүмкіндігін берген (мысалы: кепіл, кепілдік, пеня). [7]

Зерттеушілердің жарғылық капиталға қатысты ұстанымдарын талдай отырып, келесідей пікір қалыптасады: ЖШС туралы заңдағы анықтамаларға сәйкес, мен оны ұйымның заты (мүлкі) ғана емес, сонымен қатар қатысушылар өз үлесін төлейтін мүліктің белгілі бір бөлігінің құқықтық режимі деп санаймын. Егер заңнама бойынша сөзбе-сөз түсіндірілсе, онда жарғылық капитал серіктестікте оның қызметін жүзеге асыратын зат ретінде сақталмайды, ал серіктестік өзінің барлық мүлкімен, оның ішінде жарғылық капиталмен, қатысушылардың салым салғанына немесе енгізілмегеніне қарамастан жауап береді. Жарғылық капитал Шаруашылық серіктестікте бірқатар функцияларды орындайды. Қазақстан Республикасының Жоғары соты нормативтік қойылымы қатысушының жарғылық капиталдағы үлесі серіктестік алдындағы «оның құқықтары мен міндеттерінің жиынтығы» екенін және оның мақсаты мыналардан тұратынын көрсетеді:

- ШС Кәсіпкерлік қызметінің материалдық базасын қалыптастыру;
- кредиторлар алдындағы міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету;
- қатысушының серіктестіктің пайдасына қатысуы;
- ШС істерін басқаруға қатысу;
- үлесті иеліктен шығару мүмкіндігі (сату, кепіл және т. б.);
- серіктестік таратылған кезде үлестің құнын алу құқығы.[8, 4 б.]

Басқаша айтқанда, жарғылық капитал «кредиторлардың мүдделерін қамтамасыз ететін активтердің ең төменгі құны» ретінде, ал қатысушылардың үлесі – бөлінетін пайдаға және басқаруға қатысу құқығы (бірақ компанияның нақты мүлкіне құқығы емес) ретінде қызмет етеді. Себебі, Қатысушының жалпы жиналыстағы дауыстарының саны, оның үлесі мөлшерінде және тарату квотасы мөлшеріне байланысты анықталады.

Салыстырмалы-құқықтық талдау ұқсас және өзгешеленетін тұстарды бөліп көрсетуге мүмкіндік береді. Ресейде Шаруашылық қоғамдарының ең төменгі жарғылық капиталы 10 000 рубльге белгіленген. Сонымен қатар, «кредиторлардың мүдделеріне кепілдік беретін мүліктің минималды мөлшерін анықтайды»[9]. Германия үшін GmbH (ЖШС аналогы) заң минималды 25000 € «Stammkapital» (жарғылық капитал) талап етеді, және бұл капиталдың тіркеу кезінде кем дегенде жартысын енгізуге міндетті, бұл серіктестікті нақты капиталдандырудың маңыздылығын көрсетеді [10]. Ағылшын-американдық құқықтық жүйеге ғана қатысты емес бірқатар елдер мен юрисдикцияларда коммерциялық ұйымдарда жарғылық капитал болуын қажет етпейді. Doing

Business 2019 сәйкес 117 елде ең төменгі жарғылық капиталға қойылатын талаптар жоқ [11, 126 б.], бұл ретте Қазақстан олардың қатарында көрсетілген. Дегенмен, жоғарыда атап өткеніміздей, жарғылық капиталдың нөлдік мөлшері тек шағын кәсіпкерлік субъектілеріне және мемлекеттік ислам арнайы қаржы компаниясына жататын ШС-ке ғана қатысты. Doing Business 2014-те айтылғандай, соңғы жеті жылда 39 ел осындай талаптарды алып тастады. Армения, Беларусь, Болгария, Дания, Ұлыбритания – ең төменгі жарғылық капиталды алып тастаған немесе оның мөлшерін азайтқан елдердің мысалдары. Мысалы, 2008 жылы Беларусь жария емес компаниялардың ең төменгі жарғылық капиталының мөлшерін жартысына азайтты, ал келесі жылы оны мүлдем алып тастады. [12, 93-95 б.]

Бұл ретте мемлекет шағын кәсіпкерлік субъектілері ШС және мемлекеттік ислам арнайы қаржы компаниясы нысанында ұйымдастыруға шешім қабылдағандар үшін оның нөлдік деңгейін белгілеу жолымен ең төменгі жарғылық капитал бойынша талаптарды жеңілдету үшін алғашқы қадамдарды жасап үлгерді. Алайда, бұл «жеңілдік» сұрақтарды тудырды, соның ішінде қатысушылардың үлесін нөлден қалай есептеу керек? Заң шығарушы бұл субъектілер үшін жарғылық капиталды толығымен алып тастауға дайын еместігі байқалады, өйткені жарғылық капиталдың болмауы қазақстандық құқықтық дәстүрлерге, тіпті догматикалық болса да, қайшы келеді.

Аталған құқық институты өзінің құқықтық табиғаты тұрғысынан ғана емес, қазіргі уақытта азаматтық құқықта жүзеге асырылып жатқан реформалардың жарқын мысалы болып табылады. Қазіргі уақытта шаруашылық қоғамдарының жарғылық капиталы мынадай нормативтік- құқықтық актілермен реттеледі:

- Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі;
- Жауапкершілігі шектеулі және қосымша серіктестік туралы заң;
- Шаруашылық серіктестіктер туралы заң.

Бұл заңдар азаматтық және корпоративтік құқықтық қатынастардың қолданыстағы реттелуін түбегейлі өзгертті. Жарғылық капитал – бұл цивилист ғалымдардың пікірталастарының объектісі болып табылатын институт. Жарғылық капиталдың мәні мен мағынасын зерттеу тек қазіргі заңда ғана емес. Көрсетілген кезеңдерде де, қазіргі уақытта да заң әдебиеттерінде жарғылық капиталдың табиғаты мен оның маңыздылығын түсінуге бірыңғай көзқарас қалыптаспаған. Қазіргі уақытта жарғылық капитал институты ғылыми және практикалық маңызы бар өркениеттік зерттеулердің негізгі бағыттарының бірі болып табылады [13]. Сонымен қатар, ғылыми жұмыстардың едәуір бөлігі тақырыптың толық ғылыми дамуын білдірмейді. Жарғылық капиталдың табиғатын түсінудің көптеген сәттеріне қатысты пікірталас сипаты сақталды. Жұмыста институттың құқықтық табиғатын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын (бұдан әрі мәтін бойынша – ҚР), сондай - ақ азаматтық құқық теориясында көрсетілген мәселе бойынша Цивилист ғалымдардың қазіргі көзқарастарын талдау арқылы ашылды. Сонымен қатар, жарғылық капитал ішкі корпоративтік қатынастарды реттеуге арналған экономикалық қоғамның жүйе құраушы құрылымы. Жарғылық капитал Серіктестіктің өз қатысушыларымен қарым-қатынастарын реттеу функцияларын

орындайды яғни ол олардың корпоративтік құқықтарының көлемін және осы құқықтарды іске асыру тәртібін анықтайды. Жарғылық капиталдағы үлестерді орналастырудың инвестициялық тәсілдерімен қоғамның болашақ қатысушыларымен қарым-қатынасты реттейді. [14, 98-99 б.]

Жарғылық капитал серіктестік мүлкінің бөлігі емес, оның қатысушыларына тиесілі мүлік болғандықтан, ол Серіктестіктің кредиторларымен өзара әрекеттесуіне әсер етпейді. Серіктестік кредиторлар алдындағы міндеттемелерін қатысушылардың үлестерімен қамтамасыз ету мақсатында ғана жүзеге асырылмайды. Кредиторларды Серіктестікпен құқықтық қатынастарға түскенде жарғылық капиталының мөлшері көбінде қызықтырмайды немесе мүлдем керек етпейді. Жарғылық капиталдағы үлес – Серіктестіктің мүлкінің бір бөлігі емес, Серіктестіктің салымдар жиынтығындағы қатысушының үлесі [15]. Жоғарыда айтып кеткендей, жарғылық капиталдағы үлес – қатысушылардың корпоративтік құқықтарының көлемі анықталатын құрал. Атап айтқанда, жарғылық капитал мөлшерінің өзгеруі төңірегіндегі даулар Серіктестік пен оның кредиторларымен емес, Серіктестікке қатысушылар арасында қалыптасады. Жарғылық капитал мөлшері төңірегінде даулар қоғамның қатысушылары арасында орын алады себебі кредиторлар қоғамның жекелеген қатысушыларына тиесілі Серіктестіктің жарғылық капиталындағы үлестерінің саны жайында уайымдамайды.

Осылайша, континенттік құқықтық жүйесі бар елдердегі жарғылық капитал қаржылық барьер және міндеттемелердің кепілі ретінде қызмет етеді, ал англосаксондық тәжірибеде келісімшарттық еркіндік пен теріс пайдалану жауапкершілігіне баса назар аударылады. Қазақстандық корпоративтік теорияда «жарғылық капитал құрылтайшылардың өздері құрған компанияға қатысты мүліктік құқықтарының пайда болуын қамтамасыз етеді» делінген. Сондықтан, капиталға нақты салымсыз заңды тұлға қызметін заңсыз атқарады, ал нөлдік капиталмен қатысушының құқықтық мәртебесі объективті түрде туындауы мүмкін емес. Теориялық зерттеулер қатысушылардың құқықтарының пайда болуын анықтайтын және оларды қорғауға негіз болатын жарғылық капиталға мүліктік салымдардың жиынтығы екенін анықтайды. Капиталға салым енгізу қатысушыға қоғамның мүлкіне иелік етуді емес, басқару мен пайданың үлесін алуға кепілдік береді.

Қорытындылай келе, Қазақстанның заңнамасында 1991 жылғы «Хозяйственные товарищества мен акционерлік қоғамдар туралы» заңымен алғаш рет жарғылық капитал концепциясы енгізілді: соған сәйкес капиталы компания қызметінің кепілдік негізі болып есептелді. Осылайша, құқық тұрғысынан жарғылық капитал кәсіпорынды ұйымдық-құқықтық тұрғыдан құрудың және кредиторлар алдындағы жауапкершілік кепілін берудің маңызды құралы болып табылады. Кейбір авторлардың пікірінше жарғылық капитал қоғам меншігі рөлін ғана атқарады. Оның басты функциясы – компанияның кредиторлар алдындағы кепілдігі: заң бойынша таза активтер капитал сомасынан кем болмауы тиіс. Осы теориялар негізінде кейбір ғалымдар капиталдың қоғам мүлкі ретінде қорғаныс рөлін, ал басқалары оның жарғыдағы үлестер жиынтығы екенін атап өтеді. Жарғылық капитал серіктестік мүшелерінің компанияға қосқан үлесін анықтайды және пайда мен дауыс берудегі қатысу ықпалын

белгілейді. Заң бойынша әрбір қатысушының кіріс алуға және дауыс беруге құқығы жарғылық капиталдағы үлесіне пропорционал болады. Басқаша айтқанда, капитал арқылы қатысушылар арасындағы пайда бөлу және басқаруды ұйымдастыру жүзеге асады. Осындай ережелер компанияның қаржылық тұрақтылығын және кредиторлардың мүдделерін қорғауға бағытталған.

Қазақстандағы және шет мемлекеттердегі салыстырмалы құқықтық талдау нәтижесінде:

Қазақстан: ЖШС-нің бастапқы жарғылық капиталы орта/үлкен кәсіпкерлікте кемінде 100 АЕК, кіші бизнес үшін – 0 тг. Жұмысшылар мен үлесі жоқ лизингілік компаниялар үшін арнайы талаптар қарастырылмаған.

Ресей: ЖШҚ үшін минималды жарғылық капитал 10 000 рубльге тең; ашық АО – 100 000 рубль, жабық АО үшін – 10 000 рубль.

Германия: GmbH үшін минимум 25 000 € жарғылық капитал қажет (құрылу кезінде кемі 12 500 € салу керек). Aktiengesellschaft (акционерлік қоғам) үшін жарғылық капитал кемінде 50 000 € болуға тиіс.

Ұлыбритания: Жеке меншік компанияларға (Ltd) жарғылық капиталдың минимумы қойылмаған; ал public limited company (PLC) үшін кемінде £50 000 болуы шарт.

Беларусь: Ашық АО үшін жарғылық капитал кемінде 400 базалық мөлшерде, жабық АО үшін – 100 базалық мөлшерде белгіленген. Ал жауапкершілігі шектеулі қоғам (LLC) үшін минималды капитал талап етілмейді

Жарғылық капитал – кәсіпорын мен оның қатысушыларының қаржылық жауапкершілігін анықтайтын маңызды институт. Ол қорғаушы кепілдік, қатысушы үлесін белгілейтін мүлік және басқарудағы рөл арқылы қоғамның тұрақты дамуына қызмет ететін тетік. Осы институтқа қатысты теориялық және практикалық мәселелер қазіргі кезде де талқыға салынып келеді, әрі оның корпоративтік құқықтағы рөлі мен маңызы зерттеудің негізгі бағыты болып отыр.

1.2. Жарғылық капиталға байланысты нормаларды бұзған және сақтамаған кездегі тәуекелдер.

Заң шығарушы қызметті тиімді жүзеге асыру және қойылған міндеттерге қол жеткізу үшін коммерциялық ұйымдар үшін жарғылық капиталды құру міндеттілігін бекітеді [2]. Жоғарыдағы бөлімде анықталғандай, жарғылық капитал – заңды тұлғаның мүліктік базасын құрайды және кредиторлардың мүдделеріне кепілдік береді. Жарғылық капиталдың кепілдік функциясын іске асыру мақсатында қолданыстағы заңнамада оның ең төменгі рұқсат етілген мөлшері белгіленген. Солайша, кредиторлар алдын ала Серіктестіктің кәсіпкерлік субъектісінің қай санатына жататынын анықтай олардың минималды жарғылық капитал мөлшерінен хабарлары болады. ЖШС туралы Заңының 23-бабына сәйкес Серіктестіктің жарғылық капиталының минималды мөлшері айлық есептік көрсеткіштің 100 (бір жүз) еселенген мөлшеріне баламалы сомадан кем болмайды, бірақ бұл кепілдік шағын және микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдарға қатысты емес себебі олардың ең төменгі салым

мөлшері нөлдік деңгейде. Нөлдік деңгейде салымды қамтамасыз еткен заңнама, аталмыш ұйымдардың салған салымдарына және олардың толықтай енгізілуіне назар аудармайды деген сөз емес. Жарғылық капиталы 1 (бір) теңгені құраған жағдайдағы 24-бап талаптары 10 000 000 (он миллион) теңгені құраған жағдайдағы талаптары бірдей. Сол себептен, шағын және микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың жарғылық капиталын енгізу талаптарын бақылау міндетті емес немесе қадағаланбайды деген қате түсінік.

ЖШС туралы Заңының 2-тармағының 24-бабына сәйкес «Жалпы жиналыстың шешімімен белгіленген мерзімде барлық қатысушылар серіктестіктің жарғылық капиталына салымды толық енгізуге тиіс. Мұндай мерзім серіктестікті тіркеген күннен бастап бір жылдан аспауға тиіс». Осы норманы бұзған жағдайда қандай жауапкершілік артады:

Заңнамада белгіленген мерзімде жарғылық капиталды құрмау мүдделі тұлғалардың өтінішімен сот шешімі бойынша ЖШС қызметін тоқтату үшін негіз болып табылады (ЖШС туралы Заңының 69-бабы). 2020 жылы №1599-20-00-2а/768 сот ісі қарастырылды [16]. Талап қоюшы ЖШС жарғылық капиталы құрылмағанына байланысты, ЖШС қызметін тоқтатуға сотқа шағымданады. Талапкер құрылтай шартын жасау және ЖШС Жарғысын бекіту кезінде жарғылық капитал құрылтайшылардың салымдарымен қалыптастырылғаны туралы мәлімет шындыққа жанаспайтыны және салым енгізілмегендіктен ЖШС құрамынан қатысушыны шығаруды талап етеді. Жоғарыда айтылғандай 69-баптың 1-тармағының 3-тармақшасына және 3-тармағын негізге ала отыра, қатысушылардың осы Заңның 24-бабының 2 - тармағының талаптарын орындамағандықтан жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің қызметін тоқтату үшін негіз болып табылады. Егер қатысушылар осы Заңның 24-бабының 2-тармағында белгіленген мерзімдерде жарғылық капиталды құрмаса, онда қатысушылар бір жыл ішінде жарғылық капиталға сәйкесінше қосымша салымдар енгізуге міндетті. Олай болмаған жағдайда, серіктестік мүдделі тұлғалардың арызы бойынша сот шешімімен таратуға жатады. Дегенмен, сот келесідей шешім қабылдады: «қатысушының жарғылық капиталға салым салмау фактісі құрылтайшыны сот тәртібімен қатысушылар қатарынан алып тастау үшін негіз болып табылмайды. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының заңнамасында бұзылған құқықты қорғаудың шаруашылық серіктестікке қатысушыны кеткен деп тану сияқты тәсілі көзделмеген, өйткені үлеске құқық мәміле негізінде не серіктестікке қатысушылардың жалпы жиналысының шешімі негізінде не үлесті мәжбүрлеп сатып алу жолымен жоғалуы мүмкін».

Сәйкесінше, Заңның 24-бабының 3-тармағына сәйкес, серіктестік мүшесі үлесті белгіленген мерзімде енгізу міндеттемесін орындамаған жағдайда, серіктестік қатысушы енгізбеген үлес бөлігін өз капиталы (таза активтері) есебінен енгізуі тиіс. Қатысушылардың келтірілген дәлелдері бойынша бір жыл (жарғылық капиталды төлеу бойынша белгіленген мерзім) өткеннен кейін, Жарғылық капитал Серіктестіктің таза активтерінен өтелгені байқалады. Қатысушының Заңның 24- бабының 7-тармағында көзделген жарғылық капиталды төлеу ережелерін бұзуы құқықтық теріс салдарға әкелмейтінін негізіндей, сот талапты қанағаттандырудан бас тартады.

Осы іспеттес сотқа келген талаптардың жартынан көбісі қанағаттандырусыз қалады, яғни байқанамыз: жарғылық капиталды енгізу императивті норма болғанымен, оны орындамау айтарлықтай жауапкершілікке әкелмейді. Бұл кредиторлардың алдында жауапкершілікті артудан жалтаруға әділетсіз құрылтайшыларға жақсы мүмкіндік ретінде қарастырылады [17, 12 б.]. ЖШС туралы Заңның 25-бабына сәйкес, тіркеу немесе қайта тіркеу кезінде Жарғылық капиталының енгізіліп енгізілмеуі келесі жағдайларды санмағанда тексерілмейді:

- 1) кез келген қатысушының талап етуі бойынша тәуелсіз сарапшымен жүргізілуі мүмкін. Сараптамаға мүдделі қатысушы ақы төлейді;
- 2) сот шешімі бойынша;
- 3) әрбір қаржы жылының қорытындылары бойынша – қаржы есептері бойынша жүргізілуі мүмкін (практикада сәйкессіздік орын алса да, тиісті әрекеттер жүргізілмейді).

Жарғылық капиталды қалыптастыру туралы талаптарды сақтамау серіктестік пен оның қатысушылары үшін бірқатар жағымсыз салдарға әкеп соғады. Ең алдымен, «ЖШС туралы» ҚР Заңына сәйкес өз салымдарын толық көлемде енгізбеген қатысушылар әрбір салымның енгізілмеген бөлігінің құны шегінде серіктестіктің борыштары бойынша субсидиарлық (ортақ) жауаптылықта болады. Мысалы, 100 000 теңгелік жарғылық капитал үлесінен, қатысушы тек 25 000 теңгесін енгізсе, қалған 75 000 теңгесі кредиторлардың талабы бойынша төленуі тиіс дегенді білдіреді. Осылайша, үлестерді толық төлемеу қатысушылардың ШС қарыздары бойынша жеке қаржылық міндеттемелеріне тікелей қауіп төндіреді. Сонымен қатар, үлесті белгіленген мерзімде төлемеген қатысушы ШС-тің шығындарын өтеуге және басқа адамдардың қаражатын заңсыз пайдаланғаны үшін айыппұл (пайыз) төлеуге міндетті (ҚР Азаматтық кодексінің 353-бабының 1-тармағы). Тәжірибе көрсеткендей, кредиторлар мұндай талаптарды іс жүзінде жарғылық капитал бекітілгеннен кейін ғана қоя алады (мысалы, компанияның үлесін бөлу немесе оны борышкерден сатып алудан кейін) және төлем жасамау фактісі қатысушыны серіктестіктен шығаруға құқық бермейді. [18]

Қазақстан Республикасының сот практикасы: Қатысушыны оның үлесі сатып алынғанға немесе басқаша ескерілгенге дейін үлесін төлемегені үшін ғана сот Серіктестіктен шығара алмайды. Жоғарғы Сот Пленумының нормативтік қаулысы қатысушыны үлестен айыру туралы шешім «Серіктестік оның үлесін меншікті капитал есебінен Жарғылық капиталға енгізгеннен кейін; немесе басқа қатысушылар арасында бөлінгеннен; немесе үшінші тұлғалар сатып алғаннан кейін; немесе ЖШС жарғылық капиталды азайтуды жүзеге асырғаннан кейін» мүмкін болатынын түсіндіреді [19]. Қарапайым «төлемді өткізіп жіберу» сотқа Серіктестіктен шығарып тастау үшін жеткілікті негіз болып саналмайды. Керісінше, өз үлестерін толығымен төлеген қатысушылар өз үлестерін ШС-тің мәжбүрлеп сатып алуы арқылы ғана үлестік құқығынан айырылуы мүмкін [18]. Мұндай құқықтық ұстаным борышкер-төлеушілердің мүдделерін қорғайды және капиталды қайта құру кезінде іс жүргізу тәртібін сақтауға ықпал етеді деген пікір қалыптасады.

Шетелдік тәжірибемен салыстыра отырып, GmbH міндетті жарналары бойынша міндеттемелерді орындамау туралы ережесіне сүйене, Германияда қатысушылардың жарғылық капиталда үлесін төлемегені үшін жауапкершілігі бірдей қарастырылғанын атап өткен жөн. АҚШ-та соттар көбінесе капиталдандырудың жеткіліксіздігін «piercing the corporate veil» (Егер компания әділетсіз немесе заңды бұза отырып пайдаланылса (мысалы, капиталдандыру, активтерді араластыру, алаяқтық және т. б.), сот компанияның құрылтайшыларын немесе қатысушыларын заңды тұлғаның қарыздары бойынша жеке жауапкершілікке тартуға рұқсат беретін жағдай.) факторы ретінде қарастырады. Алайда, ҚР-да заң шығарушы ресми рәсімдерге баса назар аударады: капитал ресми түрде ескерілгенге дейін қатысушыны тек кешіктіргені үшін алып тастауға болмайды, бұл ерікті құдалау қаупін азайтады және қайта ұйымдастырудың жалпы ережелерін сақтауға баса назар аударады.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, Қатысушылардың Жарғылық капиталға өз үлестерін уақытында төлеуін мемлекеттік органы тарапынан бақылау тек бизнестің дамуы үшін және кредиторлар алдында қаржы мәселесі бойынша жағымсыз әсер қалдырып қана қоймай, сонымен қатар осы мәселеге қатысты Қатысушылар арасында дау-дамайлар мен жанжалдардың туындауына жол бермейді.

2 Жарғылық капиталдың құқықтық реттелуі

2.1 Жарғылық капиталдың құқықтық реттелуіндегі теориялық және практикалық мәселелер.

Теориядағы жарғылық капиталдың құқықтық табиғатын зерттеу кезінде басымдық мүліктік құқықтық қатынастардың міндеттемелік сипаттағы қатынастардан үстемдігін білдіретін функцияларға беріледі. Екі негізгі мазмұнның тұрғысынан жарғылық капитал аталмыш функциялар (кепілдік және базалық) серіктестіктің мүліктік базасы және бір ғана функция (бөлу) осы институттың міндеттемелік қатынастар тобын білдіреді.

ЖШС-тің шаруашылық серіктестіктердің өзге де нысандарынан негізгі айырмашылығы қатысушылар үшін мөлшері серіктестіктің жарғылық капиталына салымдармен шектелетін, серіктестіктің қызметіне байланысты залалдар тәуекелінің алдын ала белгілі шегін белгілеу болып табылады. Бұл факт жауапкершілігі шектеулі серіктестікті коммерциялық заңды тұлғаның ең танымал түріне айналдырады. Мәселен, Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика бюросының деректері бойынша 2024 жылғы 1 қазанға елімізде 539 251 заңды тұлға тіркелген, оның 420 727-сі заңды әрекет етеді [20]. Аталмыш заңды тұлғалар арасында қанша пайызын ШС құрайтыны нақты көрсетілмеген болса да, Invest in Kazakhstan сайтындағы мәліметтерге сәйкес, ЖШС (жауапкершілігі шектеулі серіктестік) елдегі коммерциялық ұйымның ең көп таралған түрі болып табылатыны анықталған [21]. Бұл тіркеудің қарапайымдылығына, жарғылық капиталға қойылатын минималды талаптарға және басқарудағы икемділікке байланысты.

Белгіленген тақырып шеңберінде жарғылық капиталдың ең төменгі мөлшеріне қойылатын талаптардың өзгеруі қызығушылық тудырады: шағын кәсіпкерлік субъектісі болып табылатын ЖШС үшін ол нөлдік деңгеймен анықталады. Бұл жағдай практикалық қызметкерлерге де, корпоративтік құқық зерттеушілеріне де бірқатар сұрақтар туғызады. Енді «серіктестіктің жарғылық капиталындағы үлес» ұғымының мәні неде? Бұл сөзсіз құқықтық мәселе. Енді-таза математикалық тұрғыдан қарасақ: нөлден қатысушылардың үлестерін қалай есептеуге болады?!

Шын мәнінде, «жарғылық капиталдағы үлес» ұғымы үлкен маңызға ие. Бірқатар мәселелердің шешімі жарғылық капиталдың қатысушылар арасында қалай бөлінгеніне байланысты: жалпы жиналыстағы дауыстардың санын «жарғылық капиталдағы үлес», «жарғылық капиталға салым», «мүліктегі үлес» және басқа да осыған байланысты мәселелерге қатысты ереже көзделген. Бұл ретте ШС - бұл, әдетте, шағын, бірақ 100-ге дейін қызметкердің мүдделерін қозғайтын және 300 000 АЕК-ке дейінгі орташа жылдық кірісті болжайтын бизнес Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі» 2015 жылғы 29 қазандағы №375-V ҚР Кодексінің 24-бабының 3-тармағы. Осыған байланысты, жарғылық капиталдың «нөлдік деңгейін» белгілеу – бұл «Қазақстан Республикасындағы кәсіпкерлік қызмет үшін жағдайларды түбегейлі жақсартуға» деген ұмтылысымен шағын кәсіпкерлік үшін тағы бір құқықтық

белгісіздік тудырған олқылық деуге болады.

ЖШС туралы Заңның 2-бабының 4-тармағына сәйкес жарғылық капиталға салымдарды толық енгізбеген серіктестікке қатысушылар оның міндеттемелері бойынша қатысушылардың әрқайсысы салымының енгізілмеген бөлігінің құны шегінде ортақ жауаптылықта болады. Мысал келтірейік. ЖШС құрылтай құжаттарында 1 миллион теңге мөлшерінде жарғылық капитал мәлімделген; бұл ретте салымдар (жарналар) мынадай болуға тиіс: қатысушы А – 500 000 теңге, қатысушы Б – 300 000 теңге, қатысушы В – 200 000 теңге. Бірінші қатысушы толық үлес қосты, екіншісі – 200 000 теңге, үшіншісі-150 000 теңге. Осылайша, жарғылық капитал 850 000 теңге мөлшерінде қалыптастырылды. Бұл серіктестіктің өзінде кредиторлардың талаптарын жабу үшін мүлік жеткіліксіз болған жағдайда қатысушылардың субсидиарлық (қосымша) жауапкершілігінің мөлшері 150 000 теңгені құрайтынын білдіреді. Бұл ретте қатысушылардың өзара жауапкершілігі ынтымақты болып табылады, яғни серіктестіктің кредиторлары барлық борышкерлерден де, олардың кез келгенінен де 150 000 теңге мөлшерінде міндеттемелерді орындауды жеке-жеке, сондай-ақ борыш бөлігінде де талап етуге құқылы. Ынтымақты борышкерлердің бірінен толық қанағаттанбаған кредитордың қалған ынтымақты борышкерлерден толық қанағаттанбағанын талап етуге құқығы бар (ҚР Азаматтық кодексінің 287-бабы). ЖШС туралы Заңның 2-бабы 4-тармағының конструкциясы А қатысушысының өзінің міндеттерін орына келтіргенімен, кредиторлар өз талаптарын оған қарсы қоюға құқылы деп тұжырымдайды. ЖШС туралы Заңның 21-бабына сәйкес, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің құрылтайшылары серіктестікті құруға байланысты және оны мемлекеттік тіркеуге дейін туындаған міндеттемелер бойынша, егер бұл ретте құрылтайшылардың серіктестік мүддесінде әрекет еткені дәлелденсе, ортақ жауапқа тартылады. Қазақстан Республикасының Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер туралы заңы 24-бабы 3- тармағының екінші бөлігіне сүйене, өз үлесін мерзімінде енгізбеген қатысушы серіктестікке залалдарды өтеуге, сондай-ақ егер құрылтай шартында немесе серіктестік жарғысында өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 353-бабына сәйкес серіктестікке тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті.

ЖШС туралы қолданыстағы заң жоғарыдағы мәселені шешу кезінде екі терминмен жұмыс істейтініне назар аударады: «шығындар» және «тұрақсыздық айыбы». Құрамдастырылған норманың конструкциясы бұл жағдайда айыппұл салмайтын тұрақтылықты пайдалану туралы айтуға негіз береді (ҚР Азаматтық кодексінің 351-бабының 1-тармағының екінші бөлігі). ҚР АҚ-нің 353-бабына тағы бір сілтемеде ЖШС туралы Тараптың 24-бабы 7-тармағының екінші бөлігінде көзделген: құрылтайшы ақша аудару жөніндегі міндетті уақытылы орындамаған жағдайда, ол серіктестікке Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 353-бабында белгіленген мөлшерде жинақтау шотында ұсталған сомадан тұрақсыздық айыбын төлеуге тиіс, егер құрылтайшылар мұндай кешіктірудің басқа салдарын анықтамаса.

Сондай-ақ, қатысушылардың жауапкершілігін анықтауға қате көзқарас назар аудартатын тағы бір орай: «...серіктестікке қатысушылар кредиторлар алдында серіктестіктің борыштары бойынша ортақ жауаптылықта болады...».

Мұндай конструкциямен келісуге болмайды, өйткені оны ажырату керек:

- қатысушылардың (борышкерлердің көптігі тұрғысынан) үшінші тұлғалар алдындағы жауапкершілік режимі;
- серіктестіктің қарыздары бойынша қатысушылардың жауапкершілігі.

Бірінші жағдайда біз ортақ жауапкершілік туралы қозғаймыз, ал екіншісінде субсидиярлық жауапкершілік туралы талқылауымыз керек. Жауапкершілігі шектеулі серіктестікке қатысушы серіктестікке немесе оның қатысушыларына зиян келтірген кезде олар зиян келтірушіден зиянды өтеуді талап етуге құқылы (ЖШС туралы Заңның 34-бабының 1-тармағы). Бұл ретте «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы заңнаманы қолданудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2008 жылғы 10 шілдедегі №2 нормативтік қаулысының 5-тармағы және ЖШС туралы Заңының 34- бабының 2-тармағында айтылып отырған елеулі зиян қатысушыдан оның жарғылық капиталындағы үлесін серіктестерден мәжбүрлеп сатып алу үшін негіз ретінде адам қатысушы ретінде құқықтарды іске асыруға немесе міндеттерді орындамауға (тиісінше орындамауға) байланысты келтірілуі тиіс.

Шетел практикасына назар аударсақ, Германияда минималды жарғылық капитал мөлшері айтарлықтай жоғары (25 000€), бірақ шағын кәсіпкерлер үшін UG (кішігірім-GmbH) гибридті формасы бар, оның капиталы 1 € құрайды — дегенмен, пайданың 25% - ы әдеттегі GmbH деңгейіне дейін жиналуға сақталып тұрады. 25 000 € жарғылық капиталы жинақталғаннан кейін UG стандартты автоматты түрде GmbH-ге айналады. Бұл ретте резервтік қорды қалыптастыру жөніндегі міндеттемелер тоқтатылады [10]. Бұл компромиссқа келуді көрсетеді: формальды түрде минималды капитал бар, бірақ біртіндеп жинақтау механизмдері қолданылады.

АҚШ-та жарғылық капиталдың еркіндігі және оның бар-жоғын тексерудің болмауы фирмалар көбінесе «нөлдік капиталмен» тіркелетінін білдіреді. Бұл ретте сот практикасы «қасақана капиталдандырылмағаны» үшін жауапкершілікке бағытталған. Мысалы, банкроттық кезінде, егер қасақана қаржыландырылмағаны дәлелденсе, басқарушылар кейде субсидиярлық жауапкершілікке тартылады [23]. Осылайша, шетелдік жүйелер проблеманы қатысушыларға төлемдерді шектеу, бухгалтерлік есептілікке қойылатын талаптар, корпоративтік құқық практикасы сияқты өзге институттар арқылы шешеді, ал ҚР-да әзірге қатысушылардың капитал мөлшерімен ресми келісіміне және оның құрылтай құжаттарында көрінуіне басты назар аударылады.

Практикалық олқылық бойынша қарастырылатын мәселе – бұл капиталды өзгерту процесінің жеткіліксіз ережелері. Заңда капиталды өзгерту жалпы жиналыстың шешімімен жүзеге асырылады және жарғыдағы өзгерістермен ресімделеді. Алайда, құқық қорғау органдарында даулар туындайды: мысалы, қосымша жарнаны төлеудің немесе қатысушы шыққан кезде қаражатты қайтарудың шекті мерзімдерін анықтаудың нақты тәртібі жоқ. Бұл мәселелер бойынша сот практикасы өте аз және осы мәселе жұмыстың 2.2. тармағында нақты олқылықтарды айқындайды. Бұл капиталды азайту/ұлғайтудың егжей-

тегжейлі процедуралары қарастырылған Ресей мен Германияның тәжірибесінен өзгешеленеді. Сонымен, Ресей Федерациясында капиталды азайтуға несие берушілерді хабардар еткеннен кейін ғана рұқсат етіледі (Ресей Федерациясының Азаматтық кодексінің 57 — бабының 3-бөлігі), ал Германияда капиталды өзгерту нотариалды куәландыру және жариялау арқылы жүзеге асырылады (Жауапкершілігі шектеулі қоғам туралы Германия Заңының 55 және 57 параграфы). Қазақстанда мұндай кепілдіктер тек ресми түрде белгіленеді, бұл соттарда рәсімдерге шағымдану тәуекелдерін және қатысушылар үшін белгісіздікті тудырады.

2.2 Жарғылық капиталды азайту мен ұлғайту бойынша заңнамадағы олқылық.

Ірі компанияларға жұмыстарын заңдастыру мақсатында Шаруашылық серіктестікті құруға қол жету үшін негізгі қадамдардың бірі - жарғылық капиталды төлеу. Жарғылық капиталды төлеу ШС- ті құру үшін қалыптастырушы бөлігі болса да, заңда оны бақылау тәртібі белгіленбеген. Сол себепті, көптеген заңгерлер жарғылық капиталды қалыптастыруда, ұлғайтуда қиындықтарға тап болады.

Жарғылық капитал серіктестіктің өндірістік базасын және оның айналым қаражатын қалыптастыру көзі бола отырып, қосымша функцияға ие. Корпоративтік рәсімдер мен салық салу тұрғысынан қажетті материалдық базаны және өзге де активтерді серіктестіктің жарғылық капиталына беру (күю) серіктестіктің мүлкін өз мүлкімен толтыру қаражатын қалыптастырудың оңтайлы тәсілі болып табылады [24, 976 б.]. Сондықтан көбінесе серіктестік қатысушыларының өздері жарғылық капиталдың мөлшерін ұлғайтуға мүдделі, дегенмен, бұл олардың серіктестік міндеттемелері бойынша жауапкершілік деңгейін арттыруды көздейді. Мұндай жағдайдың қазақстандық тәжірибеде таралуы толықтай түсінікті. Қатысушылар өз кәсіпорындарының алдын-ала нәтижелерін көріп, одан әрі перспективаларға үміттеніп, айналымды ұлғайтуға шешім қабылдайды.

Жарғылық капиталды ұлғайту процедурасы көп сатылы және күрделі емес, әсіресе құрылтайшыларында нақты құрылған мақсаттар, іске асыру механизмі және өзара құқықтар мен міндеттер туралы түсініктер мен келісімдер болған кезде, ең бастысы – абсолютті өзара сенім. Егер серіктестіктің жалғыз қатысушысы болса, бұл процедура тіпті қарапайым. Ұлғайту процедурасы «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасының негізінде толықтай ашып қарасақ:

- Қатысушылардың жалпы жиналысында жарғылық капиталды ұлғайту туралы шешім қабылдау.
- Жауапкершілігі шектеулі серіктестік жалпы жиналыс жарғылық капиталды ұлғайту туралы шешім қабылдаған күннен бастап үш ай ішінде жарғылық капиталдың ұлғайтылғандығы туралы өзін мемлекеттік тіркеуден өткізген органға хабарлау.

Бірінші кезеңнің (шешім қабылдау) жеке нюанстары ЖШС туралы Заңның 26- бабы 2-тармағында қатысушылар таңдаған жарғылық капиталды ұлғайту әдісіне байланысты:

- 1) серіктестіктің барлық қатысушылары қосатын қосымша бара-бар салымдар;
- 2) жарғылық капитал мөлшерін серіктестіктің өз капиталы есебінен, оның ішінде өзінің резерв капиталының есебінен ұлғайту;
- 3) бұған қалған барлық қатысушылар келіскен жағдайда бір немесе бірнеше қатысушының қосымша салымдар салуы;
- 4) серіктестік құрамына жаңа қатысушылар қабылдау арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

Осы мәселені ашу үшін бірінші және үшінші тармақтар қарастырылады. Жарғылық капиталды ұлғайту процесінің аяқталуын жарғылық капиталға қосымша салымдардың толық сомасының нақты жарнасы және әділет органдарында серіктестік жарғысына өзгерістерді тіркегені болып табылады.

Тәжірибе көрсеткендей, бұл процедураның бұзылуының ең көп тараған себебі серіктестіктің бір немесе бірнеше қатысушыларының салымның барлық немесе едәуір бөлігін енгізбеуі болып табылады. Мұндай орындамаудың салдарына ЖШС туралы Заң 26-баптың 6-тармағында баяндалған жалғыз норманы арнайды: Жарғылық капитал ұлғайтылмай қалған жағдайда қатысушының немесе өз салымын салған, жауапкершілігі шектеулі серіктестікке кіруге ниет білдірген үшінші жақтың серіктестіктен не зияндарын өтеп, оның ішінде салым ретінде салынған мүлікті пайдалану мүмкін болмауы салдарынан қолдан жіберіп алынған пайдасын өтеп, салымды қайтаруды және тұрақсыздық айыбын төлеуді талап етуге құқылы (Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексі жақтың 353-бабы).

Тиісінше, ЖШС туралы Заң жарғылық капиталды ұлғайту жөніндегі рәсімді орындамаудың бір жағын ғана нақты реттейді, атап айтқанда, қосымша салымдар енгізу жөніндегі міндетті орындаған қатысушылардың мүдделерінің ең төменгі деңгейін қамтамасыз ету. Осылайша, ЖШС туралы Заң жарғылық капиталдың сәтсіз ұлғаюына байланысты қатысушылар мен серіктестікке тағы не істеуге болатынын нақтыламай, осы мәселеге біржақты көзқарасты қамтиды.

«ЖШС-тің жарғылық капиталын оның қатысушыларының қосымша салымдары есебінен ұлғайту» деген бөлігі ЖШС туралы заңда қатысушылардың қосымша пропорционалды салымдар енгізу жөніндегі міндеттемені орындамауының салдары мәселесі бойынша олқылықтың бар-жоғын нақты көрсетеді.

Осы олқылықтың орнын ЖШС туралы Заңның 24 - бабының нормаларын (жарғылық капиталды құру мерзімдері) реттейтін және қатысушының жарғылық капиталына үлесті немесе оның бір бөлігін енгізбеуінің салдарын белгілейтін нормалар ретінде қолдана отырып, олқылықтың орнын толтыру әдісі – заң ұқсастығын пайдалануды ұсынамыз, яғни:

- Серіктестікке қатысушы үлесті белгіленген мерзімде енгізу жөніндегі міндетін орындамаған жағдайда серіктестік үлестің қатысушы енгізбеген бөлігін

өз капиталының (өзінің таза активтерінің) есебінен төлеуге не жарғылық капиталды оның енгізілген бөлігіне дейін азайтуға тиіс;

- Қатысушы белгіленген мерзімде енгізбеген үлес немесе оның бір бөлігі серіктестіктің жалпы жиналысының шешімі бойынша осы Заңның 31- бабының 1-тармағында немесе серіктестіктің құрылтай құжаттарында көзделген тәртіппен қалған қатысушылар арасында бөлінуі;

- Үшінші жақтың сатып алуына ұсынылу;

- Салымның енгізілмеген бөлігін сату мүмкін болмаған жағдайда серіктестіктің жарғылық капиталы осы сомаға азайтылады және соған сәйкес қатысушылардың жарғылық капиталдағы үлестері өзгертіледі.

Алайда, ЖШС туралы Заңның 24-бабында көзделген тетікті пайдалану белгілі бір жағдайларда барлық мәселелерді шеше алмайды. Мысалыға: Серіктестікке қатысушылар жалпы жиналыста жарғылық капиталды ұлғайту туралы шешім қабылдады және барлық қатысушылардың қосымша салымдар енгізу мерзімін белгіледі, сондай-ақ құрылтай құжаттарындағы тиісті өзгерістерді бекітті. Қатысушылар әділет органдарын хабардар етті және жарғылық капитал мөлшерінің өзгеруін тіркеді. Сонымен, қосымша салымдарды енгізудің соңғы мерзімі келеді, бірақ барлық қатысушылар толық соманы енгізбегені белгілі болды. ЖШС туралы заңмен 26-баптың 5-тармағының нормасы арқылы жарғылық капиталды ұлғайту рәсімінің орындалуын қамтамасыз етуге жасалған тек әрекет: әділет органдары жарғылық капиталдың ұлғаюы туралы хабарлаған кезге қарай жарғылық капитал ұлғайтылатын соманың кемінде жартысына тең сомада салымдар енгізілуге тиіс деген талап. Дегенмен, бұл қамтамасыз ету шарасы тиімді емес. Біріншіден, бұл соманың жартысы ғана. Екіншіден, ЖШС туралы Заң Серіктестіктен/қатысушылардан жарғылық капиталды толықтыруды талап етпейді. Сонымен қатар, жарғылық капиталды ұлғайту мүмкін емес деп танудың жалғыз заңнамалық негізі Әділет органдары серіктестігінің жарғылық капиталды ұлғайту туралы хабарламасының болмауы болып табылады. Яғни, қатысушылардың осындай мүмкіндігі бар: әділет органдарына жарғылық капиталды ұлғайту туралы хабарлау, бірақ жарғылық капиталға бір теңге салмау. Осыған байланысты заңнамада нақты санкциялар қарастырылмағаны заңнамадағы олқылық деп танылады.

Бұл мәселе ЖШС туралы Заңның 25-бабының ережелерімен жанама түрде ұқсас, олар серіктестікті тіркеу немесе қайта тіркеу кезінде жарғылық капитал мен оның меншікті капиталмен арақатынасы тексерілмейді деген жалпы ережені анықтайды.

Бұл жағдайда серіктестікке және жалпы жиналыстың шешімін орындаған қатысушыларға Заңның 24 мен 26 баптары келесі мүмкіндіктерді ұсынады:

Бірінші нұсқа: Серіктестік белгіленген мерзімде енгізілмеген үлестерді өз капиталы есебінен енгізеді. Алайда бұл опция тиімді емес және түпкілікті шешімге әкелмейді. Біріншіден, серіктестіктің үлесті енгізуін үлесті техникалық сатып алу ретінде қарастыруға болады, өйткені сатып алу көзі қатысушылардың инвестициялары емес, серіктестіктің меншікті қаражаты болады. Тиісінше, жарғылық капиталды ұлғайту, атап айтқанда сыртқы капитал есебінен айналым

қаражатын толықтыру, көзделген мақсаттарға қол жеткіздірмейді. Екіншіден, үлесті сатып алғаннан кейін серіктестік оны сатуға міндетті болады. Тиісінше, ЖШС туралы Заңның 33-бабында көзделген тетік, атап айтқанда серіктестікке қатысушыларға үлесті сатып алу туралы ұсыныс енгізілуі тиіс. Яғни, екі жағдайда да бірінші нұсқа тек уақытша болып табылады.

Екінші нұсқа: толық сомасы енгізілмеген үлесті сатып алудағы артықшылық құқықты қатысушылар жарғылық капиталдағы өз үлестерінің мөлшеріне бара-бар жүзеге асыруы. Бұл жағдайда, егер қалған қатысушылар енгізілмеген үлесті сатып алса және жағдай қатысушылар арасында ғана шешілсе жақсы болар еді. Алайда, бұл жағдайда қатысушылар күтпеген шығындарға тап болады. Бұл ретте олар жедел мерзімде өз қалталарынан немесе қарыз қарастырып салым қалыптастыруы қажет, практикада көрсетілгендей, бұл қосымша шығындарға әкеліп соғады және өзінің инвестициялық жоспарларына теріс әсер етеді [25]. Әрі қарай, ЖШС туралы Заңның өзі қатысушылардың арасындағы елеулі қақтығыс туғызады. Егер жарғылық капиталды ұлғайтуды аяқтау әділет органдарында жарғылық капитал мөлшерінің өзгеруін тіркегеннен кейін орындалса, онда қатысушылар Жарғыға жарғылық капитал мөлшеріне қатысты тиісті өзгерістер күшіне енген сәттен бастап үлеске құқықты және тиісінше ол бойынша дауыс беру құқығын алады. Бұл ретте әділет органдарында тіркелген құжаттар бойынша ұлғайтылған деп есептелетін жарғылық капиталдың нақты толтырылуы орын алып-алмағаны маңызды емес. Қатысушылар өздерінің барлық үлестерімен барлық мәселелер бойынша ресми түрде дауыс беруге құқылы, соның ішінде салыммен төлем енгізілмеген бөлігінде де.

Екі нұсқаны саралай келе, ЖШС туралы Заңның жарғылық капиталына ұлғайту нақты енгізіліп-енгізілмегеніне бақылау жұмысы жүргізілмейтініне көз жеткіздік. Бұдан басқа, ЖШС туралы Заң жарғылық капиталды ұлғайту сәтсіз болған жағдайда мәселені шешудің жоғарыда аталған тәсілдерінің біреуін таңдау серіктестіктің барлық қатысушыларының шешімі бойынша жүзеге асырылатынын айқындайды. Тиісінше, осы мәселелер бойынша шешімге міндетін орындамаған қатысушы да әсер етуі мүмкін. Қатысушыға мұндай құқықты беру толығымен негізделмеген және әділ емес деген тұжырым қалыптасады, себебі қатысушының кінәсінен төленбеген салымның үлесінің тағдыры туралы мәселе шешіледі.

ЖШС туралы заң жарғылық капиталды ұлғайту орын алды деп есептелетін сәтті нақты ашпайды. Осыған байланысты ұлғайту сәтсіз деп танылған сәтте және қатысушы өтемдік құқықтарды іске асыра бастағанда мәселе түсініксіз. Жоғарыда айтылғандай, ЖШС туралы Заң жарғылық капиталды ұлғайтуды өтпеді деп танудың жалғыз негіздемесін көрсетеді – бұл ұлғаю туралы әділет органына хабарламау (Қазақстан Республикасының Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер туралы заңы 26 - баптың 5-тармағы). Бұл тәсіл барлық мүмкін практикалық жағдайларды қамтымайтынын ескерген жөн.

Зерттеу барысында қалыптасқан ұсыныс: жарғылық капиталды ұлғайту сәті серіктестіктің барлық қатысушыларының қосымша пропорционалды салымдарды (қалған жартысын) нақты енгізуі деп бекіту. Жарғылық капиталды

ұлғайтуды аяқтау сәтін анықтау кредиторлардың құқықтарының кепілдіктері тұрғысынан ғана емес, сонымен қатар серіктестік пен жарғылық капиталды толтыруды жүзеге асырған қатысушылардың мүдделерін қамтамасыз ету тұрғысынан да маңызды. Қатысушылар да, серіктестік те мерзімі өткен қатысушылардан міндеттерді орындауды талап ету үшін жарғылық капиталды ұлғайту қашан аяқталатынын дәл анықтап, жарғылық капиталды ұлғайту рәсімін орындамаудың салдарын реттеу тетігін енгізу туралы мәселені шешуі керек.

Кез-келген жағдайда, тараптар арасында туындаған дауда шығындарды өтеудің барлық мәселелері айналып келгенде түбінде сот тәртібімен шешілетін болады, әрине, бұл барлық тараптар үшін қосымша күш пен шығындарды болжайды. Осылайша, жоғарыда келтірілген талдау белгілі бір жағдайларда серіктестікке қатысушылар жарғылық капиталды ұлғайту кезінде өте қиын жағдайға тап болуы мүмкін екенін көрсетеді.

Жағдай мұндай жағымсыз қатынастарға әкелуі екіталай деп дауласуға болады, алайда, іс жүзінде қатысушылар мен серіктестік осындай дауларды бастарынан кешкен жағдайлары айтарлықтай көп. Қазіргі уақытта үлкен амбициялар артында ұмтылу, ақша айналымдарын ұлғайту, стратегиялық бизнесті шешімдерін қабылдауға асығу, мұндай жағдайлар арта келе, қатысушыларды жарғылық капиталға қатысты күтпеген қиындықтарға әкеледі.

Қорытындылай келе, ұсынылатын өзгерістер:

1. ЖШС туралы Заңның 26-бабы 1 және 2-тармағында көзделген міндеттерді қатысушыларының орындамаулары Заңның 24-бабында белгіленген салдарға әкеліп соғады деген нормамен толықтыру.

2. ЖШС туралы Заңның 26-бабында ЖШС жарғылық капиталын ұлғайту нақты қай уақытта өтті деп есептелетінін енгізу.

3. Қатысушыларға енгізілген салымға сәйкес келетін үлестерінің бөлігінде ғана дауыс бере алады деген норма енгізу. Себебі, жоғарыда келтірілгендей, ЖШС туралы Заң салымын енгізбеген қатысушының дауыс беру құқығын шектемейді.

3 Цифрлық валюталарды шаруашылық серіктестіктердің жарғылық капиталына салым ретінде қолдану

3.1 Жарғылық капиталды цифрлық валютамен төлеу

Қазіргі уақытта бүкіл әлемде цифрлық құқықтарды реттеуге қатысты екі тенденция байқалды: жалпы тыйым салу, оларды айналымға енгізу әрекеттері үшін қылмыстық жауапкершілікке тартуға дейін (бұл сөзсіз ең оңай шешім) немесе әлеуеті мен мүмкіндіктері мемлекет пен бизнестің өзара әрекеттесуін түбегейлі өзгерте алатын жаңа цифрлық кеңістікті реттейтін құқықтық нормаларды әзірлеу қажеттілігі. Әрине, екінші жол құқық негіздерін терең талдау қажеттілігімен және оларды цифрлық құқықтардың құқықтық табиғатымен байланыстыру қажеттілігімен байланысты. Цифрландыру инновациялардың, жалғасып жатқан құрылымдық өзгерістердің және ұзақ мерзімді перспективада негізгі қозғаушы күші болып табылады.

Цифрлық валюта (криптовалюта) – дегеніміз блокчейн және криптографиялық қорғаныс технологиялары негізінде жұмыс істейтін айырбастау құралы болып табылатын орталықтандырылмаған цифрлық актив. Барлығына ең танымал криптовалюталардың көпшілігінде (Bitcoin, Ethereum, Litecoin) нарықтық жолмен танылған белгілі бір құндылық бар екені анық. Ең ауқымды, новелла деуге тұрарлық, перспективалардың бірі – Bitcoin (BTC) сияқты криптовалюталарды жарғылық капитал салымы ретінде қолдану/пайдалану. Алғашында криптовалюталардың (атап айтқанда Биткойнның) материалдық құнына, оларды қаншалықты валюта ретінде санауға болатынына күмәндар болған. Еуропалық Орталық Банк дәлелдегендей, ақша дәстүрлі түрде үш функцияға ие ретінде анықталады: *біріншіден*, ол айырбас құралы ретінде әрекет етеді, *екіншіден*, бұл шот бірлігі және *ең бастысы*, құндылықтар қоймасы [26, 10 б.]. Биткойнді валюта ретінде қоршап тұрған академиялық әдебиеттер негізінен осы үш талапқа бағытталған. Демек, Биткойн қаржылық құрал ретінде мойындалса, цифрлық валюталардың функцияларын қаржылық валюталардан ажырамастай қолдану мүмкіндігінен шектей алмаймыз. Криптовалюталарды кез келген адам, кез келген жерде пайдалана алады және әрбір транзакцияның жарамдылығын қамтамасыз ету үшін валютаны жасау мен таратудан бастап бүкіл жүйені өз бетінше басқару мүмкіндігіне ие. Осылайша, олар орталықтандырылған мемлекеттік валюталар мен орталық банк жүйелеріне қарағанда орталықтандырылмаған (децентрализованный) бақылауды қолданады. [27, 3 б.]

Криптовалюталардың бізге үйреншікті ақша сияқты кейбір функцияларды бөлісетіні даусыз. Атап айтқанда, криптовалюталар төлем құралы ретінде және тауарлар мен қызметтердің сандық құнын білдіру үшін пайдалануға қабілетті. Алайда, олар өте құбылмалы сипатына байланысты тұрақты мәнді сақтауда қиындықтарға тап болады. Олардың нарықтық құнының мұндай жоғары құбылмалылығы олардың нарықтық ауытқуларға жоғары сезімталдығының және сұраныс пен ұсыныстың негізгі нарықтық принципін қолданудың нәтижесі болып табылады. Бұл Биткойндерде тауарлар мен қызметтердің көрсетілген

бағалары осындай құбылмалылық қаупін тудыратынын білдіреді; мысалы, бір биткоиннің қарсы құны 2025 жылғы мамыр айына 48 592 242,07 KZT, ал ертең 40 000 KZT құрауы мүмкін.

Кесте 1. 1 Биткоин криптовалютасының теңгеге қарсы құнының 10 сағат ішіндегі көрсеткіш кестесі.



Егер трейдер немесе қызмет көрсетуші Биткоиндерді тауарлар немесе қызметтер үшін төлем құралы ретінде қабылдаса, бұл трейдердің немесе қызмет көрсетушінің мұндай тауарлар мен қызметтерге ұсынылған бағаның нақты мәнді көрсетуін қамтамасыз ету үшін жоғары деңгейдегі күш-жігерін талап етеді. Сонымен қатар, бұл трейдер немесе қызмет провайдері әдетте мұндай криптовалюта таңбалауыштарын дәстүрлі валютадағы қарсы құнға өте жылдам айырбастайтынын білдіреді, өйткені кез келген басқа шешім алыпсатарлық инвестициялық белсенділікке әкеледі. Мұндай қызметтің тұрақтылығы ұзақ мерзімді перспективада өте күмәнді, өйткені әрбір бизнес өзінің іскерлік қызметін қамтамасыз ету үшін дәстүрлі валютаның тұрақты ағынын қажет етеді. Айта кету керек, айналымдағы ақша (теңге) құбылмалылық қаупінен де иммунитетке ие емес. Инфляцияның жоғары қарқыны, әдетте, ұлттық валютаның сатып алу қабілетінің тұрақсыздығына және осы валютада көрсетілген тауарлар мен қызметтерге бағаның өсуіне әкеледі. Алайда, құндылығына мемлекеттің ақшалай араласуы әсер етуі мүмкін дәстүрлі валюталардан айырмашылығы, криптовалюталар мұндай қолдауға ие емес және олардың құнына тек нарық пен оның мүдделі тараптары әсер етеді (Мысалы: криптовалюта бірліктерінің иелері немесе әдетте осындай қаржылық активтерді сату арқылы пайда табуға мүдделі токендер). Криптовалюталар ақшаның эволюциясындағы келесі қадам болғандықтан, адамдардың оны заңды тұлға құрған кезде немесе капиталды ұлғайту кезінде жарғылық капиталды төлеу үшін пайдалануға тырысуы таңқаларлық емес. Қазіргі заман құбылмалы, ол бір орында тұрмайды, әсіресе ақпараттық технологиялар дәуірінде өмір жаңа ақпараттық қоғам құру бағытындағы өзгерістерге қарай қарқынды дамып келеді. Қазіргі уақытта адам өмірінің барлық негізгі салалары жаңа электронды түрге ауысты. Дамудың айтарлықтай динамикасы бар ақпараттық технологиялар күнделікті өмірге көбірек енгізілуде. бұл әсіресе төлемдер мен есеп айырысулар саласында байқалады, өйткені олар жиі қолданылады және экономиканың

дамуына, мемлекеттің дамуына және халықтың лайықты өмір сүруіне тікелей байланысты. олар біздің өмірімізде бос уақытты ұйымдастыруға көмектесіп қана қоймайды, сонымен қатар күнделікті міндеттерді шешуді автоматтандыруға және тұтынушыларға қызмет көрсетуді жеделдетуге мүмкіндік беретін бизнес саласында өте белсенді қолданылады. Технологиялық даму процесі, сөзсіз, кәдімгі қаржы жүйесіне айтарлықтай әсер етті. Қазіргі уақытта «майнинг», «блокчейн», «биткоин», «криптовалюта» сөздері күнделікті бизнес саласында кездеседі. Заңнамадағы мүмкін болған барлық жаңалықтардың ішінде негізгі және әбден үміт етілгендердің бірі криптовалютаның құқықтық режимі және оның айналымын шоғырландыру болады. Бұл мәселені түбегейлі шешпесе де, кем дегенде Қазақстан заңнамасының виртуалды валюталардың пайда болуымен және олардың реттеудегі қиындықтарының айналымымен тікелей туындайтын проблемалық аспектілерінің маңызды жиынтығын анықтайды. Дегенмен, көптеген факторлар бұл процесті айтарлықтай баяулататын мәселелердің бар екенін көрсетеді.

Бизнес өкілдеріне іс жүргізудің жаңа құралдарын, ағымдағы бизнес-процестерді жетілдіру жолдарын іздеуде және өз клиенттеріне жаңа қызметтер ұсынуда азаматтық айналымға жаңа технология – **цифрлық құқықтарды** енгізу міндеті ертелі-кеш туындайды. Серіктестіктің жарғылық капиталы оның кредиторларының мүдделеріне кепілдік беретін мүлкінің ең төменгі мөлшерін анықтайды. Бұл Серіктестікте нақты болуы керек мүліктің құрамын білдіреді, тек Серіктестіктің меншігінде болуы керек мүліктің құны.

Заңды тұлғаны құру процесінде құрылтайшылардың салымдары оның барлық мүлкін құрайды. Бірақ кейіннен, жарғылық капитал заңды тұлғаның балансында міндеттеме ретінде көрсетіледі, ал қалған мүлік актив ретінде өтеді, ол қолайлы жағдайлармен уақыт өте келе көбейеді. Заңды тұлғаның жарғылық капиталына цифрлық құқықтарды енгізудің көптеген себептері болуы мүмкін. Қаржылық технологиялар саласындағы қызметтен басқа, компанияда шетелдік инвестор болуы мүмкін. Технологиялық прогрестің мақсаты – тараптарға қолайлы жағдайларды қамтамасыз ету, процестерді жеделдету, инвестициялау құралдарының сенімділігін арттыру және олардың ашықтығы (прозрачность). Бүгінгі таңда бүкіл әлемде жалпы мәселенің бұрын шешілмеген бөліктерін атап өту үшін криптовалюталарды экономикалық айналымда пайдалану адам үшін өзінің лайықты және жеткілікті өмір сүру деңгейіне құқығын жүзеге асырудың өте тиімді және қолайлы құралы болып кеткен. Жеке құқық саласында заңгерлер криптовалюталарды меншік құқығының объектісі ретінде саралаудың қиындығына тап болады, атап айтқанда, криптовалюта құқығы айқын абсолютті сипатқа ие. Жеке құқық саласында криптовалюталарының құқықтық табиғаты туралы сұрақтар туындайды: криптовалютаға құқықтардың сипаты, оның меншік құқығының жүйесіндегі орны, криптовалюта операцияларының біліктілігі және олардың жарамдылығы, сондай - ақ криптовалютасына құқықтарды құқықтық қорғаудың ықтимал құралдары.

Цифрлық активтер туралы заң криптовалюталардың құқықтық мәртебесіне ешқандай елеулі түзетулер енгізген жоқ, сәйкесінше криптовалюта мүлік ретінде анықталуды жалғастыруда. Криптовалюта – бұл төлем құралы болып

табылмайтын және екі түрге бөлінетін цифрлық активтің бір түрі (оның ішінде айналымда шектеулі түрі). Цифрлық активтер туралы Заң қабылданғанға дейін Қазақстан заңнамасы Қазақстан аумағында қамтамасыз етілмеген цифрлық активтерді шығаруға және олардың айналымына Қазақстан заңдарында өзгеше көзделуі мүмкін екенін көрсете отырып, тікелей тыйым салуды белгіледі. Бұл тұжырым кейбір белгісіздіктерді тудырды, өйткені ол кезде ешқандай заңнамалық актілер қамтамасыз етілмеген цифрлық активтердің шығарылуы мен айналымын реттемеген.

Қазақстанда криптовалютаны құқықтық реттеудің алғашқы әрекеттерін заң шығарушы 2020 жылғы 25 маусымдағы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне цифрлық технологияларды реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу» туралы ҚР Заңын қабылдау жолымен жасады, оған Қазақстандық заңнамаға сол кездегі цифрлық активтер туралы жаңа ережелер енгізілді. Осы Заңмен криптовалюта (қамтамасыз етілмеген цифрлық актив) мүлік ретінде анықталды. ЖШС туралы Заңының 23-бабына сәйкес «Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жарғылық капиталына салым ақша, бағалы қағаздар, заттар, **мүліктік құқықтар**, оның ішінде жер пайдалану құқығы мен интеллектуалдық қызмет нәтижелеріне құқық және өзге де мүлік болуы мүмкін». Азаматтық кодекстің 115-бабына сәйкес «Мүліктік құқықтарға (мүлікке): заттар, ақша, ..., тауарлық белгілер және бұйымды дараландырудың өзге де құралдары мүліктік құқықтар, **цифрлық активтер** мен басқа да мүлік жатады». Қазақстан Республикасының «Цифрлық активтер» туралы 2023 жылғы Заңы цифрлық активті – цифрлық код беріліп электрондық-цифрлық нысанда құрылған, есеп айырысу ақша бірлігі және (немесе) заңды төлем құралы болып табылмайтын, деректердің таратылған платформасы технологиясының негізінде тіркелген және ақпараттың өзгермейтіндігімен қамтамасыз етілген мүлік ретінде белгілейді. Басқаша айтқанда, Қазақстанда криптовалюта ақша немесе бағалы қағаздар мәртебесіне ие емес, бірақ мүлік деп танылады. Заңнама тарапынан цифрлық активтерді қамтамасыз етілген және қамтамасыз етілмеген активтерге бөледі және олардың шығарылуы мен айналымын қатаң реттейді. Атап айтқанда, ҚР аумағында қамтамасыз етілмеген цифрлық активтерді шығаруға және айналымға тыйым салынады (ҚР «Цифрлық активтер» туралы Заңының 11 баптың 4-тармағы). Сонымен қатар, қамтамасыз етілген цифрлық активтерді шығаруды немесе айналысты жүзеге асыратын тұлғалар қаржы мониторингі субъектілері болып танылады. Зерттей отыра, ҚР заңнамасы блокчейн технологиясын және токенизацияланған активтердің айналымын дамытуды мақсат етіп отыр, бірақ сонымен бірге криптовалюталардың еркін айналымын шектейді. Осы екі бапты негізге ала отыра, цифрлық валюталарды Жарғылық капитал салымы ретінде қолдануға заңнама тарапынан шектеу қойылмайды. Бір жағынан, бұл ЖШС-ге үлес ретінде криптовалютаны енгізу мүмкіндігін анықтайды, екінші жағынан, цифрлық активтер туралы заң оның еркін айналымына тыйым салады және тек лицензияланған биржалар (мысалы АХҚО) арқылы айналымды талап етеді. Бұл заңдағы коллизияны тудырады: криптовалютаны ресми түрде үлес ретінде қарастыруға болады, бірақ оның кейінгі айналымы өте шектеулі. Сонымен қатар, егер салым криптовалютадағы

«ақша сомасы» нысанында түссе, криптовалютаның заңсыз айналымы үшін қылмыстық және әкімшілік санкциялар ЖШС үшін қауіп тудыруы мүмкін. Заңнамада белгіленген цифрлық құқықтарды анықтаудың проблемасының бастысы – бұл оларды пайдаланудың шарттарын мен шектеулері қарастырмайды. Цифрлық құқықтар айналымы процесінде туындайтын құқықтық қатынастар арнайы заңнамада көрінуі тиіс.

Туындайтын алғашқы сұрақ: цифрлық актив пен цифрлық валюта бір ме? Криптовалюта – бастапқыда анықталған ережелерге, яғни протоколға сәйкес шығарылған орталықтандырылмаған (децентрализованный) цифрлық ақша. Бұл интернетке негізделген айырбас құралы, ол шифрлау әдістерін қолданып, ақшалай бірліктерді (цифрлық қолма-қол ақша) құрып, екі тарап арасында электрондық төлем ретінде пайдалануға мүмкіндік береді және оны растау үшін транзакцияның әрбір жазбасын жалпыға қолжетімді реестрде бақылап/жазып отырады. Криптовалюталар орталықсыздандырылған, яғни бір ғана адамның бақылауында болмайтын цифрлық құралдар ретінде қарастырылады, ал пайдаланушылар арасындағы аударымдар тең-теңімен (P2P) жүзеге асырылады, яғни банктер арқылы емес, адамдар арасында онлайн жүзеге асырылады және әдетте «майнинг» деп аталатын процесс арқылы расталады [27, 9 б.]. Басқаша айтқанда, цифрлық майнинг – бұл сандық активтерді (атап айтқанда, криптовалюталарды) өндіру [28, 4 б.]. Криптовалютаның әрбір қозғалысы (мөлшеріне қарамастан) жалпыға қолжетімді реестрде тексерілетін және тұрақты түрде жазылады. Бұл транзакциялық деректер шифрланады және бүкіл желіге таратылады. Деректер тұрақты түрде жазылмас бұрын, ол «майнинг процесі» деп аталатын кезеңнен өтуі қажет, бұл процесс компьютерлік жабдықтарды пайдалануды қамтиды. Қойылған сұраққа жауап: цифрлық актив пен цифрлық валюта құрылым жағынан бір сипатқа ие, алайда Қазақстан Республикасы заңнамасы тарапынан бір болып саналмайды. Сонымен қатар цифрлық активті заңды жолмен жүзеге асыру мақсатында *қамтамасыз етілген цифрлық активтер ақша мен бағалы қағаздарды қоспағанда, материалдық, зияткерлік көрсетілетін қызметтер мен активтерге құқықты куәландырады* (ҚР «Цифрлық активтер» туралы Заңының 5 баптың 1-тармағы), яғни ақшалай (валюталық) сипатқа ие емес.

Цифрлық активтерді салым ретінде бағалау және рәсімдеу жүйесі негізінде ЖШС тіркеу кезінде тіркеуші орган Жарғыда көрсетілген салымдарды енгізу фактісін тексереді. Егер Серіктестік құру кезінде салым ақшалай болмаса, Тіркеуші бағалау (оценка) туралы құжаттарды және аудиторлық қорытындыны талап ете алады. Цифрлық активтерді енгізу кезінде ЖШС Құрылтайшылары оны ақшалай бағалау проблемасына тап болады. Цифрлық активтерді теңгеде ресми бағамы болмағандықтан және валюта ретінде танылмағандықтан, оның құны қатысушылардың келісімімен анықталады. Бағалаудың нормативтік белгіленген тәртібі жоқ; басқа юрисдикцияларда бағалау көбінесе биржалық бағалармен теңестіріледі. Қазақстанда, сол сияқты, қатысушылар енгізу күніне орташа әлемдік бағаны негізге ала отырып, бағам туралы уағдаласа алады. Егер бағаланатын цифрлық активтердің құны 20 000 АЕК асатын болса, оның бағасын бағалаушы растауға тиіс (оценщик). Аталмыш расталған есеп Серіктестік

құрылатын кезде тіркеушіге арналған құжаттарға тігіледі және ұсынылады. Заңда көзделген бағалау талаптарын орындамау келесі салдарға ұшыратады: артық салымдарды қайта бағалау кезінде құрылтайшылар кредиторлар алдында артық бөлік шегінде жауап береді (Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің 59 баптың 1-тармағы).

Криптовалютаға салымды рәсімдеу үшін цифрлық активті серіктестікке иеліктен шығару (беру) туралы екі тарапты шарт жасалады. Криптовалюта блокчейн жүйесінде тіркелгендіктен, бір мезгілде құжаттық бақылауды қамтамасыз ету маңызды, атап айтқанда: жеке кілттерді беру, ЖШС мекенжайына транзакцияны жазу және криптографиялық платформа тарапынан растау. Алайда, заңнама виртуалды құқықтарды беру процедурасын сипаттамайды, сол себепті құқықтардың Серіктестікке өтуін қамтамасыз ету мақсатында қаржылық құнын да, активті беру әдісін де белгілей отырып, екі тарапты келісім шарт орнатылуы қажет. Құрылтайшыдан (құрылтайшылардан) тікелей заңды тұлғаға криптовалютаға меншік құқығының ауысқанын растайтын құжат – криптовалюта сақталатын электрондық әмияннан жария және жеке кілтті беру шарты болып табылады. Цифрлық валюталардың Серіктестіктегі құқық белгілейтін құжаты (правоустанавливающий документ) ретінде осы шартқа сілтеме жасалады. Осылайша, цифрлық активтерді Серіктестіктің жарғылық капиталына енгізу жүзеге асырылады. Бұл жүйе заңда тікелей көрсетілмегенмен, зерттеу нәтижесінде енгізілу және тіркеуші органы тарапынан қабылдау ықтималды ең жоғары көзделген жол ретінде танылды.

3.2 Шетелдік практикада цифрлық валютаны қолдану үрдісі

Криптовалюталардың күрделі құқықтық сипаты оларды басқа елдің ақшасы, валютасы және төлем құралы, валюталық құны, электронды ақшасы немесе бағалы қағаздары ретінде тануға мүмкіндік бермейді [29, 35 б.]. АҚШ, Германия, Жапония, Франция, Финляндия және басқа елдер сияқты шет елдер тиісті валютаның айналымына рұқсат беріп қана қоймайды, сонымен қатар құқықтық режимді заңдастырады немесе нығайтады, криптовалюта тұжырымдамасын нақтылайды және тиісті сот тәжірибесін тұжырымдайды. АҚШ әдетте икемді тәсілді көрсетеді: мұндай салымдарды жарғылық капиталға енгізуге тыйым салынбайды, бірақ бірқатар Штаттар кейбір операциялар үшін лицензиялау қызметін қажет етеді. Ерекше назар аударатын жағдай, аталмыш мемлекеттер дамыған мемлекеттердің алғашқы 30-на кіреді, яғни мемлекеттердің дамуы және криптовалюталардың қолданыстағы реттілігі бір-біріне әсер ететін тұстар. Осылайша, Канада мен Австралия криптовалютаны материалдық емес актив, яғни меншік құқығы ретінде таниды, Германия криптовалютаны төлем құралы ретінде таниды (дегенмен, туындай қиындықтар тек процедурамен байланысты: тіркеуші орган аударымның құны мен сенімділігін дәлелдеуді талап етуі мүмкін. Есепке алу тұрғысынан Германиядағы криптоактивтер «басқа ағымдағы активтер» ретінде қарастырылады.), Ұлыбритания басқаларға қарағанда алға жылжыды және криптовалютаны фунтқа теңестіре ұлттық валютасындай таныды, Швеция, Финляндия, Болгария,

Хорватия, Оңтүстік Корея криптовалютамы актив ретінде таниды, т.с.с. [30, 3 б.]

Жеке тоқталып назар аударуға тұрақты мемлекет – Ресей Федерациясы. Ресей Федерациясында криптовалюта (қамтамасыз етілмеген цифрлық актив) ресми түрде мүлік ретінде танылған, бірақ валюта немесе бағалы қағаздар мәртебесі жоқ (Федеральный закон "О цифровых финансовых активах, цифровой валюте и о внесении изменений в отдельные законодательные акты Российской Федерации" от 31.07.2020 N 259-ФЗ). Корпоративтік заңнамада ЖШҚ-ның жарғылық капиталына криптовалютамы енгізуге тікелей тыйым салынбайды, өйткені салымдар кез келген мүлік болуы мүмкін (Гражданский кодекс Российской Федерации п. 1, статьи 66.1). Қолданыстағы практикада мен бухгалтерлік есепте өзіндік қиындықтар кездеседі, мысалы мәселе осындай салымдарды бағалау мен есепке алуда, сондай-ақ Ресей Федерациясының Орталық Банкі төлемдерде криптовалютамы пайдалануға тыйым салады. Ресей Федерациясында криптовалютамы жарғылық капиталына енгізілгені туралы істер аз, бірақ оны мүлік ретінде тануға деген жалпы ұмтылыс бар [31]. Ресейдегі кейбір компаниялар Қоғамдарының капиталына үлесті биткоин ретінде Құрылтайшылардың үлесін сатып алу арқылы қосты. Дегенмен, Қазақстанмен ұқсастығы бойынша Ресейде криптовалюта ресми түрде ақшалай емес салым ретінде қарастырылады, бірақ оның да айналымы заңнамамен қатаң шектелген.

Өзбекстан ТМД елдерінен бірінші болып криптовалютамы заңдастырды (2018 жылдан бастап), бірақ іс жүзінде кәсіпорындардың капиталына криптовалютамының салымдары әлі күнге дейін енгізілмеген. Өзбекстан заңнамасы криптовалюталардың майнинг және транзакциялар жүргізуге рұқсат береді және тіпті криптовалютаға ҚҚС (НДС), ал оны сатудан түскен пайдаға табыс салығын салмайды [32]. Жарғылық капитал салымдарына криптовалютамы енгізу бойынша шектеу жоқ. Соған қарамастан, Қазақстандағыдай қауіпсіздік мақсатында Құрылтайшылар бағаланатын мүлік сияқты мәмілелерді ресімдеуді жөн көреді, ал мәмілелер бақыланатын алаңдар арқылы жүргізіледі. Өзбекстанда нақты сот прецеденттері де кездеспейді, бірақ үкімет криптовалюталарды мүлік ретінде реттеуді енгізу және олар үшін есеп-салық механизмін әзірлеу жоспарларын жариялады. [33]

Бөлімнің мақсаты бойынша ең оңтайлы заңнамасы бар мемлекет – Эстония, криптовалютаға ең адал елдердің бірі. 2017 жылдан бастап ол крипто-бизнесті лицензиялауды енгізді және майнинг және сауда-саттыққа рұқсат берді [34]. Эстонияның корпоративтік құқығында арнайы шектеулер жоқ: капиталға салымдар кез келген мүлік болуы мүмкін. Криптовалюта актив ретінде қарастырылады және биржа бағамы бойынша бағалау мүмкін. Таллинде бірнеше стартаптар токендер негізінде капиталмен құрылған. Криптовалюта салымдары бойынша қатаң сот практикасы да жоқ.

Латвиядағы бизнес құрылымдары мен инновацияларды дамытуға жәрдемдесу және елдің цифрлық активтерге байланысты инвесторлар үшін тартымдылығын арттыру мақсатында жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер үшін Негізгі капиталды төлеу тәртібіне қатысты Латвия Республикасының Коммерциялық Заңына өзгерістер енгізілді. Сонымен қатар бұл инвестициялардың түсуіне және салық түсімдерінің ұлғаюына ықпал еткені

байқалды. Бұл өзгерістер 2024 жылдың 30 желтоқсанында күшіне енді [35]. Түзетулер бұдан былай жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің негізгі капиталын цифрлық активтермен де төлеуге болатындығын қарастырады.

Коммерциялық заң жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің (Латвия құқығы бойынша — SIA) негізгі капиталын мүліктік нысандағы ақшамен немесе салымдармен төлеу мүмкіндігін көздейді. Негізгі капиталды төлеу үшін цифрлық активтерін пайдалану мүліктік нысандағы салым болып саналады, сондықтан оған мүліктік нысандағы салымдарды бағалау бойынша заңмен белгіленген талаптар қолданылады. Өзгерістер күшіне енгеннен кейін, SIA құрылтайшыларына немесе қатысушыларына цифрлық активтерінің құнын бағалауды дербес дайындауға мүмкіндік беретін мүліктік нысандағы салымдар ретінде цифрлық активтерін негізгі капиталға қосу жеңілдетілді. Алайда, заң мүліктік нысандағы салымды бағалауды құрылтайшылар немесе тиісті үлес қосатын қатысушылар бағалауға дейінгі алты айлық кезеңдегі MiCA ережелеріне сәйкес қолдау көрсетілетін цифрлық актив сауда платформасындағы тиісті цифрлық активтің орташа бағасына негізделген құнын анықтай алады деп реттейді.

Қарапайым тілмен айтқанда, MiCA ережелері [36] Еуропа одағының «криптовалюта туралы Заңы», яғни ол криптоактивтердің шығарылуын, ұсынысын және саудасын реттейтін құқықтық құрал. Ережеде цифрлық актив қызметін нақты ашып бекітеді. Крипто-активке қатысты келесі қызметтер мен әрекеттердің кез келгенін білдіреді:

- a) клиенттердің атынан крипто-активтерді сақтауды және басқаруды қамтамасыз ету;
- b) крипто-активтерге арналған сауда алаңының жұмысы;
- c) крипто-активтерді қаражатқа айырбастау;
- d) крипто-активтерді басқа крипто-активтерге айырбастау;
- e) клиенттердің атынан крипто-активтерге тапсырыстарды орындау;
- f) крипто-активтерді орналастыру;
- g) клиенттердің атынан крипто-активтерге тапсырыстарды қабылдау және беру;
- h) крипто-активтер бойынша кеңес беру;
- i) крипто-активтер бойынша портфельді басқаруды қамтамасыз ету;
- j) клиенттердің атынан крипто-активтерге аударым қызметтерін ұсыну; [37]– бұл криптоактивтердің қызметіне берілген алғашқы және ең ауқымды түсініктеме болып табылады.

Осылайша, криптовалютаға меншік немесе актив мәртебесін беру арқылы шет елдер кәсіпкерлік субъектісінің жарғылық капиталына криптовалютаны енгізу мүмкіндігін тікелей қарастырады деген қорытынды жасауға болады, бұл жаһандану жағдайында өте қисынды және болжамды өзгерістер. Әлемде алғаш рет криптовалютаны жарғылық капиталға 2015 жылдың 24 Наурызында итальяндық кәсіпкер Томас Бертани қосқан [38]. Ол италияның Азаматтық Кодексінің 2464-бабын басшылыққа ала отырып, экономикалық құндылығы бар кез келген активтерді капитал деп санауға болатынын ескере өзінің «Oraclize SRL» инкорпорациясының жарғылық капиталына 45 биткоин салымымен

коммерциялық ұйым құрды. Италияның Азаматтық кодексіне сәйкес коммерциялық ұйым ашылу үшін жарғылық капиталға енгізілетін сома 10 000 EUR-дан кем болмауы тиіс. Жарнаның бұл түрі инкорпорация процесінде жүзеге асырылады. Бұл процестің ашықтығы мен қадағалануы, ең алдымен, биткоинге меншік құқығын беру және кез келген басқа транзакцияны тексеру кезінде маңызды. Биткоинге осы үлесті қосу қосымша ашықтыққа мүмкіндік берді. Осы әрекеттерімен итальяндық кәсіпкер тек криптовалютаның жарғылық капиталға енгізілу мүмкіндігін ғана көрсету болмады, өзінің кәсібінде жаңадан цифрландырылған қосымшалар мен төлем жолдарын енгізуді іске асырды. Бұл әрекет ғасырлық технологияларды ілгері қолдануына жол ашқан жобалардың бірі болғаны анық.

Ресейде биткоинді компанияның жарғылық капиталына енгізу прецедентінің алғаш тіркелгені 2019 жылы жүзеге асты. Станислав Бойко атты инвестор ООО «Артель»-дағы 5% үлесін 0,1 BTC (сол кезде шамамен 60 000 рубль) сатып алды [39, 7 б.]. Бұл мәмілені жүзеге асыру үшін криптоәмиянға тәуелсіз бағалау жүргізілді, әмияннан логин мен парольді қабылдап алу-тапсыру актісі рәсімделді, содан кейін ол нотариалды куәландырылды. Осыдан кейін Федералды ішкі салық қызметі компания құрылтайшыларының құрамындағы өзгерістерді тіркеді.

Барлық қарастырылған юрисдикцияларда криптовалюта іс жүзінде мүлік ретінде танылады және негізінен компаниялардың жарғылық капиталына (ООО, GmbH, LLC және т.б.) реттеушілердің талаптарын бағалау және сақтау шартымен заттай үлес ретінде енгізілуі мүмкін. Алайда, құқық қолдану практикасында айырмалық кездеседі: батыс елдерінде (Германия, АҚШ, Эстония) әдетте криптовалюталарға жаңа санаттар енгізілмейді, ал ТМД-да (Қазақстан, Ресей, Өзбекстан) криптовалюта айналымын жекелеген заңдар мен қаржылық шектеулер арқылы қатаң реттейді. Бұл әсіресе Қазақстан үшін тән: АХҚО-дан тыс банктер мен компанияларға криптовалютада операциялар жасауға қатаң тыйым салынады. Тиісінше, Қазақстандағы ЖШС үшін криптовалютамен үлес – бұл реттеушімен келісуді және валюталық шектеулерді есепке алуды талап ететін рәсім.

3.3 Қазақстан Республикасында цифрлық валютаны қолдану перспективалары

Цифрлық активтер туралы Заңда заң шығарушының көзқарасы өзгерген жоқ, осыған байланысты қамтамасыз етілмеген цифрлық активтердің шығарылуы мен айналымына да тыйым салынады. Алайда, осы Заңмен қамтамасыз етілмеген цифрлық активтерді шығару мәселелеріне біршама айқындық енгізілді және «Астана» халықаралық қаржы орталығының (АХҚО) аумағын қоспағанда, мұндай активтерді шығаруға және айналымға тыйым салынғаны айқындалды, мұнда АХҚО актілерінде белгіленген қатаң талаптар сақталған кезде криптовалютамен қызмет етуге рұқсат етіледі.

Соңғы зерттеулер мен жарияланымдарды талдай отыра, заң саласындағы ғалымдар бұл мәселені әлі толық зерттеп, нақты жауабын айтқан жоқ. Дегенмен,

криптовалюталардың дамуы мен жұмыс істеу тарихын, құқықтық мәртебесін, олардың айналымы мен құқықтық реттеудің қажеттілігін зерттеу мәселелеріне отандық және шетелдік ғалымдар өз еңбектерінде көп көңіл бөлген, мысалы: Бен Бернанке, Карагусов Фархад Сергеевич, С. П. Мороз, Сулейменов Майдан Кунтуарович, Нурмолдаев Аслан Талгатович. Бен Бернанке трансшекаралық есептеулер үшін блокчейннің технологиялық артықшылықтарын атап өте, Ripple конференциясында (2017) ол «блокчейн немесе электронды валюта сияқты жаңа технологиялар» елдер арасындағы төлем процесін жақсартып алады деп мәлімдеді. Сонымен қатар, Бернанке мұндай цифрлық валюталар төлем жүйелерін жеделдетіп, қауіпсіздендіріп, арзандатса, ұзақ мерзімді перспективада мағынасы болуы мүмкін деп атап өтті [49]. Ф. Карагусов криптовалюталардың алғашқы алдын алу шаралары мен айналымға тыйым салудан бастап, кейіннен тыйымдарды алып тастауға және майнингті лицензиялауды енгізуге дейін қазақстандық реттеудің эволюциясын қадағалайды. Ф. Карагусов қатаң тыйымдар да, олардың күшін жою да «криптовалюта айналымын» тиімді бақылауды қамтамасыз етпейді деген қорытындыға келеді [50, 6 б.]. М. К. Сулейменов заңнамадағы «цифрлық активтер» ұғымының қайшылықтарын көрсетеді. Атап айтқанда, ол Қазақстанның Азаматтық кодексіне «цифрлық активтер» терминінің енгізілуін сынға алып, мұндай заңды норманы объектілердің қате және экономикалық мәнін көрсетпейтін деп есептеді [51, 8 б.]. Дегенмен, коммерциялық емес ұйымдардың криптовалюталарды пайдалануын және оларды Қазақстанда жарғылық капиталға енгізу мүмкіндігін зерттеу мәселесін отандық ғалымдар әлі де жеткілікті түрде зерттемеді және бұл ғылыми зерттеулердің өзектілігін анықтайды.

Қазақстандық авторлардың криптовалюталардың құқықтық мәртебесін және оларды корпоративтік құрылымдарда пайдалануды қозғайтын жекелеген жарияланымдары бар. Мысалыға, С. П. Мороз цифрлық активтерді «жоғары құны бар» және блокчейн-технологиялар негізінде ақпараттың өзгермейтіндігімен қамтамасыз етілген азаматтық құқықтардың жаңа объектілері ретінде қарастырады [40, 6 б.]. Оның пікірінше, цифрлық актив айналымға жіберілген мүліктің бір түрі болып табылады, алайда ҚР заңнамасында негізінен қамтамасыз етілген цифрлық активтер (мысалы, токендар) реттелген, ал қамтамасыз етілмеген (криптовалюталар) құқықтық реттеуден тыс қалады. Басқа Қазақстандық зерттеулер цифрлық экономика мен реттеудің жалпы мәселелеріне арналған, алайда криптовалютаны жарғылық капиталға енгізу мәселесі негізгі зерттеу мәселесі болып табылмайды. Мысалыға, Нурмолдаев Аслан Талгатовичтің еңбегінде виртуалды активтердің түрлері мен мәнін, сондай-ақ оларды ҚР-да реттеуді қарастырады [41, 31-34 б.]. Сонымен қатар, қаржы нарығының бірқатар шолуларында ҚР-дағы криптовалютаның заңды төлем құралы болып табылмайтындығы және оның АХҚО-дан тыс айналымына тыйым салынғаны көрсетіледі – бұл АХҚО-ның «АХҚО юрисдикциясынан тыс ЕО-ның қамтамасыз етілмеген цифрлық активтерін шығаруға және айналымына» тыйым салуды белгілейтін анықтайды.

Авторлар криптовалюта мәртебесін бағалауда пікірлерімен ортақ емес. С. Мороз айтуынша заңнама криптовалюталарды электрондық нысандағы мүлік

ретінде түсіндіреді (ҚР «Цифрлық активтер» туралы Заңының 1 баптың 4-тармағы), бірақ оларды реттеудегі олқылықты көрсетеді. Басқа тәжірибешілер іс жүзінде Азаматтық құқықтағы криптовалюталар нақты түрде аталмағанын, ал ҚР Азаматтық кодексі мүлік объектілерінің тізбесін номиналды заттар (құны ақшалай түрде белгіленген, физикалық формасына немесе ішкі құндылығына байланысты емес объектілер) мен құқықтармен шектейтінін атап өтеді. Кейбір позициялар бойынша (оның ішінде ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі мен Ұлттық Банктің жанама нұсқаулары) криптовалюта тек қана «заңды төлем құралы болып табылмайтын» қамтамасыз етілмеген цифрлық актив ретінде қарастырылады. Бұдан шығатыны, криптовалюта негізіндегі жасалған мәмілелерді жарамсыз деп тану қаупі жоғары. Дегенмен, шетел тәжірибесінде орын алғандай[42, 5 б.], теориялық тұрғыдан алғанда, криптовалютаны тәуелсіз бағаланатын және құжаттық рәсімдеу жағдайында «мүліктің өзге түрі» ретінде саралау мүмкіндігі берілуі заңнамаға күрделі әсер еткізеді.

Әдебиет пен заңнаманы талдай отыра, шешілмеген бірнеше негізгі мәселелер анықталды:

1. **Салымның құқықтық сипаты.** Криптовалютаны мүліктік цифрлық актив ретінде айқындауға қарамастан, мүлік тізімінде (Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің 115 бап) криптовалютаны нақты атаудың болмауы белгісіздік туғызады: оны «мүліктің өзге түрі» салымы деп санауға рұқсат етіле ме? Авторлар салымдардың құқықтық сипаты толық реттелгенге дейін мұндай салымдарды жарамсыз деп тану қаупі орын алып тұратынын көрсетеді. Ғылыми тұрғыдан бұл сала жеткілікті түрде қарастырылмаған: криптовалютаны «мүлік» немесе белгілі бір құқық түрі ретінде жіктеуге болатындығы туралы консенсус жоқ.

2. **Бағалау (оценка) және бухгалтерлік есеп.** Криптовалютаны ақшалай емес салыммен енгізу кезінде тәуелсіз бағалау қажет. Алайда, криптовалюталардың жоғары құбылмалылығы мұндай бағалауды қиындатады. ЖШС бухгалтериясында цифрлық активтерді есепке алу және оларды баланста көрсету бойынша әдістемелік ұсынымдар жоқ болғандықтан тақырып реттелмеген күйінде орын алып отыр.

3. **Салықтық және валюталық тәуекелдер.** ҚР заңнамасы криптовалютадағы салымдарға салық салу (ҚР Салық кодексі бойынша арнайы мәртебе әлі белгіленбеген) және осындай операцияларды бақылау сұрақтарына нақты жауап берген жоқ. Криптовалюта операцияларына ресми түрде тыйым салынады (ҚР «Цифрлық активтер» туралы Заңының 6 баптың 5-тармағы), бұл автоматты түрде «әдеттегі емес» салымдар енгізердегі валюталық бақылау мен салық есебін бұзу қаупін тудырады. Құрылтайшылар үшін салдарлар бойынша практикалық ұсыныстар әлі күнге дейін ғылымда да, ведомстволық түсіндірмелерде де тұжырымдалмаған.

4. **Процедуралық және ұйымдастырушылық тәуекелдер.** Іс жүзінде мұндай салымдарды рәсімдеу барысы реттелмеген: ЖШС мекенжайына криптовалютаны қалай аударуға болады, қандай құжаттарды рәсімдеу керек, қандай мекенжайды көрсету керек, т.с.с. Салықтық тексерудегі бақылауды

арттыру туралы сот дауында бұл мәселелер қақтығыстарға әкелуі мүмкін. Сондай-ақ, криптовалюта салымдарының нотариалды куәландыру тәжірибесі және өзгерістерді тіркеу кезінде Әділет министрлігінің талаптары анықталмаған.

5. Құқықтық қорғау және сот практикасы. Қазақстанда криптовалюта қолданатын корпоративтік істерде салымды енгізуден жалтару туралы даулар бойынша, немесе криптовалютаны пайдалану салдарынан үлесті жарамсыз деп тану бойынша сот практикасы жоқ. Заңсыз майнинг үшін қылмыстық қудалау тәжірибесі ғана атап өтіледі: мәселен, Астана қаласының қылмыстық істер жөніндегі ауданаралық сотының 2024 жылғы 27 желтоқсандағы үкімі бойынша сот заңсыз майнинг фермасының мүлкін ~900 млн теңгеге тәркіледі, ал өндірілген криптовалюталарды (шамамен 143 миллион теңге көлемінде) кірістер деп бағалады. Бұл криптовалюта салымдары мәселесі бойынша мемлекеттік құқық қорғау органдарының өзгерістерге дайын еместігін көрсетеді. Тиісінше, мұндай салымдар бойынша дау туындаған жағдайда ЖШС құрылтайшыларының мүдделерін қорғау аспектісі қиындайды. Криптовалютаны жарғылық капиталға қосу құқығын сот арқылы тану немесе теріске шығару мысалдары жоқ.

ЖШС туралы Заң жарғылық капиталдың азайтылуы мен көбеюін тіркеу міндетін қарастырады. Цифрлық валюталардың құбылмалы сипатын ескере отырып тіркеу барысында бекітілген жарғылық капитал цифрлық валютаның құнына емес, тікелей өзіне байланысты болуы тиіс деген тұжырым қалыптасады. Қазіргі күнге дейін жоғарыда мысал ретінде келтірілген Серіктестіктердің енгізілген криптовалюта сипатындағы салымдарының күн емес, тіпті сағат сайын ауысып тұратын болмысы іс жүзінде азайтылған немесе көбейген болып тіркеліп тұрады ма, немесе әр мемлекеттің заң шығарушы органдары осы мәселені реттейтін норма қабылдады ма, бұл сұрақ бойынша да әдебиеттерде олқылық кездеседі. Қазақстанда бұл практика орын алмаған соң, заң шығарушы орган тарапынан цифрлық активтер мен Серіктестіктің арасындағы байланысты реттейтін нормалар көзделмеген. Қолданыстағы нормаларды, тәжірибені және шетелдік тәжірибені талдауға сүйене отырып, жарғылық капиталға салым ретінде криптовалютаның құқықтық режимін жетілдіру бойынша келесі ұсыныстарды тұжырымдауға болады:

1. Заңнамада криптовалютаны капиталға енгізу құқығын нақты бекіту. ЖШС туралы заң немесе Азаматтық кодекс қамтамасыз етілген және қамтамасыз етілмеген цифрлық активтер нысанындағы жарғылық капиталға салымдарға рұқсат беретін нормамен толықтырылуы керек (тәртіп пен шарттарды айқындай отырып). Бұл құқықтық белгісіздікті және олқылықтарды жояды.

2. Криптовалютаны бағалау және айқындау рәсімдерін белгілеу. Капиталға енгізу кезінде криптовалютаны бағалаудың нотариаттық немесе қаржылық куәлігі туралы талапты енгізу. Мемлекет бағалаушыларға арналған әдістемелік база ретінде бірнеше биржалық бағамдарды пайдалануды мақұлдай алады. Аудиторлық есептің рөлін нығайту: криптовалюта салымын тіркеу кезінде аудитор тексеруі міндетті салымдар тізіміне қосу.

3. Валюталық заңнамамен келісу. АХҚО-дан тыс ел ішінде криптовалютамен операцияларды заңдастыру. Мысалы, қоғамдарға АХҚО мен

Ұлттық Банктің қадағалауымен Ұлттық биржалар арқылы криптовалютамен сауда жасауға рұқсат беру. Немесе, банктерге крипто-әмияндармен жұмыс істеуге мүмкіндік беру арқылы заңды тұлғалар үшін криптовалюта айналымына тыйым салуды жеңілдету (валюталық шот ашудың аналогы). Бұл «капитал бар, бірақ оны заңды түрде жұмсауға болмайды» коллизиясын жояды.

4. Сандық активтерге құқықты жаңарту. 2023 жылғы «Цифрлық активтер» туралы Заң негізгі принциптерді енгізді, бірақ реттеуді дамыту қажет: «өзара алмастырылмайтын токендар», смарт-келісімшарттар және мүлікті токенизациялау үшін ұғымдар мен ережелерді енгізу. Бұл сондай-ақ жарғылық капиталға қосқан үлеске де әсер етеді: ЖШС капиталындағы үлесті білдіретін токендарды шығару мүмкіндігін көздеуге болады, бұл цифрлық бағалы қағаздар нысанында инвестицияларды тартуды жеңілдетеді.

5. Сот практикасын құру. Цифрлық активтері бар істерге соттардың бірыңғай көзқарастары қажет. Азаматтық-құқықтық дауларда криптовалютаны қалай саралау және бағалау туралы ҚР Жоғарғы Сотының әдістемелік ұсынымдарын дайындау ұсынылады.

Тұтастай алғанда, криптовалютаны Қазақстанның құқықтық жүйесіне интеграциялау тәсілдерін талап етеді. Бір жағынан инновацияларға жол ашу және икемді нормалар арқылы инвестициялар тарту, екінші жағынан – операциялардың қауіпсіздігін және салымшылар мен кредиторлардың мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету тәсілдері. Әлемдік тәжірибені ескере отырып, азаматтық және коммерциялық заңнамаға қосымша түзетулер қабылдау сот және реттеу практикасын түсіруге және цифрлық активтер үшін бірыңғай ашық құқықтық базаны қалыптастыру қажет етіледі.

Қорытындылай келе, жоғарыда айтылғандардан заңды тұлғаның жарғылық капиталына криптовалютаны енгізудің және оны компанияның балансында белгілі бір материалдық актив ретінде көрсетудің мүмкіндігі туралы логикалық қорытынды жасауға болады. Бірақ бұл құқық қорғау органдарының алдында тұрған одан да көп мәселелерді көтереді.

Біріншіден, Қазақстанда криптовалюталарға қатысты құқық қорғау органдарының теріс тәжірибесі бар, сондай-ақ осы тұжырымға көптеген заң жобалары дәлел бола алады, олардың авторлары заңнамалық реттеудің жоқтығы мәселесіне әсер етуге тырысады. Бүгінгі күні криптовалюта нарығының айналасында қалыптасқан мәселелер ауқымды сұрақтарға ие, сондықтан, осы мәселелердің бірін ала отырып, криптовалюталарды Шаруашылық серіктестіктердің жарғылық капиталына қосу мүмкіндігі туралы мәселені шешу үшін қажетті бірінші қадам заңдағы криптовалюталардың мәртебесін нақты бекіту болады.

Екіншіден, криптовалютаның шаруашылық серіктестіктің жарғылық капиталына қосқан үлесімен қатар, мұндай мүлікті бағалаудың проблемалық мәселесі де бар. Заңнама, әдетте, қатысушылардың салымдарын ақшалай бағалаудың белгілі бір тәртібін белгілемейді, олар құрылтай құжаттарында өз бағаларын дербес анықтауы керек.

Анықталған олқылықтар зерттеудің өзектілігін негіздейді: Шаруашылық серіктестіктердің жарғылық капиталына салым ретінде криптовалютаның

құқықтық мәртебесін жан-жақты зерттеу, осындай операцияларды рәсімдеу және есепке алу бойынша практикалық ұсынымдар әзірлеу, сондай-ақ серіктестік пен оның кредиторлары үшін ықтимал тәуекелдерді бағалау қажет. Бұл жетіспейтін ғылыми білімді толтыруға және Қазақстандағы заңнама мен құқық қолдану практикасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеуге мүмкіндік береді.

Шаруашылық серіктестіктерің жарғылық капиталына криптовалютань енгізу мүмкіндігін қамтамасыз ету Қазақстан үшін маңызды қадам екені сөзсіз. Алайда, қазіргі заманғы бизнес-үдеріс үшін сөзсіз прогрессивті болып табылатын осындай институтты енгізуге қатысты жоғарыда аталған проблемаларды талдау, мұндай өзгерісті іс жүзінде жүзеге асыруға айтарлықтай кедергі келтіретін негізгі мәселеге жарық түсіреді. Бизнес-процесте криптовалютань пайдаланудың нақты мүмкіндігін қамтамасыз ету, атап айтқанда жарғылық капиталға, барлық азаматтар үшін оның сенімділігі мен ақпараттық қауіпсіздігіне үлес қосу – осы саланы зерттеушілер мен дамытушылардың басты мақсаты болып табылады.

Жарғылық капиталға криптовалютань енгізу мүмкіндігі туралы мәселеге тікелей тоқтала отырып, Қазақстан Республикасының Шаруашылық серіктестіктер туралы заңы ұйымдардың қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерінің талаптары мұндай мәмілеге тікелей тыйым салуды көздемейді, дегенмен ешқандай реттеу механизмін қарастырмайтынын атап өткен жөн.

Саланың қарқынды даму кезеңін бастан өткеріп жатқанын ескере отырып, жоғарыда аталған мәселелерді шешуге тырысатын заң жобаларының саны, жетекші елдер үкіметтерінің оң көзқарасы бізге үлкен үміт пен сенім береді. Бұл мәселе жақын арада өзінің оң заңнамалық шешімін табады деген үміт бар, өйткені ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы дәуірінде криптовалютань заңдастыру және оны кәсіпкерлік қызметте пайдалану мәселесі жақсартуға деген ұмтылыстан гөрі қажеттілік болып табылады.

Цифрландыру инновациялардың, жалғасып жатқан құрылымдық өзгерістердің және ұзақ мерзімді перспективада негізгі қозғаушы күш болып табылады. Ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігі. Цифрландыру перспективалырының көзге көрінетін және халықаралық рынокта бәсекеге ие бухгалтерлік кітапты пайдаланудың жаңаланған технологиясы (DLT) және блокчейн технологиясын атап айтқанда, мұндай технология қазіргі заманғы қоғамдардың көптеген салаларын түбегейлі өзгертуге қабілетті және қолданушылардың бір-бірін танымаса да, өзара сенімділікті қамтамасыз етуде үлкен әлеуеті бар қызықты және тартымды жүйе екенін дәлелдеді. Ең ауқымды, новелла деуге тұрарлық, перспетивалардың бірі – Bitcoin (BTC) сияқты криптовалюталарды жарғылық капитал салымы ретінде қолдану/пайдалану.

Криптовалюталар ақшаның эволюциясындағы келесі қадам болғандықтан, адамдардың оны заңды тұлға құрған кезде немесе капиталды ұлғайту кезінде жарғылық капиталды төлеу үшін пайдалануға тырысуы таңқаларлық емес. Ең алғаш, 2017 жылдың күзінде Швейцарияда Bitcoin криптовалютасын

акционерлік қоғам үшін капиталдық жарнаны төлеу нысаны ретінде пайдалану мүмкіндігі пайда болды.

ЖШС туралы Заңының 23-бабына сәйкес «Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жарғылық капиталына салым ақша, бағалы қағаздар, заттар, **мүліктік құқықтар**, оның ішінде жер пайдалану құқығы мен интеллектуалдық қызмет нәтижелеріне құқық және өзге де мүлік болуы мүмкін». Азаматтық кодекстің 115-бабына сәйкес «Мүліктік құқықтарға (мүлікке): заттар, ақша, ..., тауарлық белгілер және бұйымды дараландырудың өзге де құралдары мүліктік құқықтар, **цифрлық активтер** мен басқа да мүлік жатады». Осы екі бапты негізге ала отыра, цифрлық валюталарды Жарғылық капитал салымы ретінде қолдануға заңнама тарапынан шектеу қойылмайды.

Цифрлық актив пен цифрлық валюта бір ме? Криптовалюта – бастапқыда анықталған ережелерге, яғни протоколға сәйкес шығарылған орталықтандырылмаған (децентрализованный) цифрлық ақша. Бұл интернетке негізделген айырбас құралы, ол шифрлау әдістерін қолданып, ақшалай бірліктерді (цифрлық қолма-қол ақша) құрып, екі тарап арасында электрондық төлем ретінде пайдалануға мүмкіндік береді және оны растау үшін транзакцияның әрбір жазбасын жалпыға қолжетімді реестрде бақылап/жазып отырады. Криптовалюталар орталықсыздандырылған, яғни бір ғана адамның бақылауында болмайтын цифрлық құралдар ретінде қарастырылады, ал пайдаланушылар арасындағы аударымдар тең- теңімен (P2P) жүзеге асырылады, яғни банктер арқылы емес, адамдар арасында онлайн жүзеге асырылады және әдетте «майнинг» деп аталатын процесс арқылы расталады. Криптовалютаның әрбір қозғалысы (мөлшеріне қарамастан) жалпыға қолжетімді реестрде тексерілетін және тұрақты түрде жазылады. Бұл транзакциялық деректер шифрланады және бүкіл желіге таратылады. Деректер тұрақты түрде жазылмас бұрын, ол «майнинг процесі» деп аталатын кезеңнен өтуі қажет, бұл процесс компьютерлік жабдықтарды пайдалануды қамтиды. Жаңа алынған транзакцияның жарамдылығын растау үшін майнерлер компьютерлік жабдықтар мен бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдаланады. Майнерлер өз компьютерлерін транзакцияларды тексеру және уақыт белгісін қою үшін қолданады, оларды белгілі бір уақыт белгілеу схемасына сәйкес реестрге қосады. Бұл есептеу жұмысы үшін сыйақы алу мүмкіндігі болғандықтан, майнерлер осы міндетті орындауға ынталандырылған. Криптовалюталар, әдетте, криптоақшаны жіберу және алу үшін қолданылатын қауіпсіз цифрлық кошелекта сақталады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Зерттеу Қазақстанның қолданыстағы заңнамасын және қолданыстағы жарғылық капиталды және оның құқық теориясындағы функцияларын түсіну тәсілдерін зерделеу арқылы ШС жарғылық капитал институтының құқықтық табиғатын белгілеу негізінде жүргізілді. Сонымен қатар, инновациялық ақшалай емес салым ретінде криптовалютаны жарғылық капиталға енгізу мүмкіндігін талданды.

Зерттеу жүргізу аясында Қазақстан Республикасының заңнамасы, нормативті-құқықтық актілері, ҚР Жоғары сот қаулылары және шетел практикасы қарастырылды.

Зерттеу жұмысының негізгі мақсаты – заңнамадағы Шаруашылық серіктестіктердің жарғылық капиталын реттеу бойынша осал тұстарын анықтап, шешу жолдарын ұсыну орындалды: Ағымдағы нормалар қатысушыларға қатысу үлестерін шартты түрде анықтауға мүмкіндік беретіні, ал капиталдың қалыптасуын бақылау тетіктері (мерзімдері, бағалары) құрылтай шартына немесе басқа заңдарға сілтеме жасайтыны қарастырылды.

Зерттеу барысында қойылған барлық міндеттер орындалды, бұл қазақстандық Шаруашылық серіктестіктердегі жарғылық капиталдың рөліне кешенді көзқарас алуға және заңнамалық нормаларды жетілдіру бойынша практикалық ұсынымдар әзірлеуге мүмкіндік берді. Атап айтқанда, келесі негізгі бағыттар қарастырылды:

1. *Қазақстанның Корпоративтік құқығындағы жарғылық капиталдың рөлі.* Жарғылық капитал ақшалай қаражатты, бағалы қағаздарды, заттар мен мүліктік құқықтарды (оның ішінде жер және зияткерлік құқықтарын) қамтуы мүмкін қатысушылар салымдарының жиынтығымен қалыптасатыны анықталды. Зерттеу нәтижесінде жарғылық капиталдың нақты атқаратын рөлі Шаруашылық серіктестікті құру екені анықталды. Рөлі деп заңнамада алатын орнын меңзеуге тура келеді, сол себепті жұмыста жарғылық капиталдың рөлі мен функциясы екі бөлек қарастырылды.

2. *Жарғылық капиталдың Шаруашылық серіктестіктердегі атқаратын функциясы.*

Жарғылық капиталдың атқаратын функциясы деп Серіктестіктің, қатысушылардың, кредиторлардың және соттың капиталды іс жүзіндегі қолданысын анықтайтын және тікелей қызмет ететін нормалары. Теориялық зерттеулер жарғылық капиталдың функциясын қатысушылардың құқықтарының пайда болуын анықтайтын және оларды қорғауға негіз болатын жарғылық капиталға мүліктік салымдардың жиынтығы екенін анықтайды. Капиталға салым енгізу қатысушыға қоғамның мүлкіне иелік етуді емес, басқару мен пайданың үлесін алуға кепілдік береді. Тағы айта кететін функциясы – кредиторлар алдындағы «кепілдік» құралы екені анықталды.

3. *Жарғылық капитал туралы заңнаманы бұзған кездегі тәуекелдер.* Капиталды қалыптастыру ережелерін сақтамаудың негізгі салдары анықталды. Өз салымдарын мерзімінде немесе толық көлемде енгізбеген

қатысушылар капиталдың енгізілмеген бөлігінің құны шегінде ортақ жауаптылықта болатыны анықталды. Жарғылық капиталды заңсыз азайту сот шешімі бойынша Серіктестікті таратуға әкеліп соғады делінгенімен, сот практикасында бұл норманың Серіктестікті тарататын жайттары сирек кездесетіні байқалды. Жарналарды кешіктіргені үшін заңнамада әкімшілік жауапкершілік көзделмегені атап өтілді, алайда сот практикасы корпоративтік тетіктер арқылы кредиторлардың мүдделерін қорғауды қамтамасыз етеді.

4. *Шетелдік тәжірибені салыстырмалы-құқықтық талдау.* Германия, АҚШ, Ресей, Эстония және Латвияның заңнамасы мен практикасы талданды. Германияда (GmbH) ең төменгі жарғылық капитал 25 000 еуроны құрайды және криптовалютаның капиталға қосқан үлесі қатаң бухгалтерлік есеп пен міндетті аудит кезінде ғана мүмкін болады - "Sachgründungsbericht" құрастыру және эксперттермен расталуы қажет. АҚШ Серіктестік құру үшін капитал мөлшеріне қатаң шектеулер жоқ және салымдар мүлік ретінде қарастырылатыны анықталды. АҚШ-тың ішкі кірістер қызметі криптовалютаны меншік ретінде қарастырады, сондықтан оны компанияның капиталына салымшыға салық салынбайды, салық салу активті кейіннен сатқан кезде ғана болады. Латвияда 2024 жылдың 30 желтоқсанынан бастап коммерциялық заңнама компанияларға инвестициялық тартымдылықты арттыруға және ЕО (MiCA) ережелеріне сәйкес келуге бағытталған мүліктік салымдар ретінде крипто-активтерді жарғылық капиталға салуға ресми түрде рұқсат беретіні қарастырылды.

Осылайша, нәтижелерді түсіндіруде Қазақстан Республикасындағы жарғылық капитал кредиторлардың мүдделеріне кепілдік берудің формалды рөлін атқаратыны айқын көрінеді, алайда іс жүзінде оның қорғаныс функциясы шектеулі: ол нақты қорғауды қамтамасыз етпейді және егер компанияның ақшасы болмаса, тіпті өте үлкен капитал да қарыздық міндеттемелерді жаба алмайды.

Теориялық және практикалық нәтижелер:

Теориялық жағынан жарғылық капиталдың функциялары және рөлі тұрғысынан атқаратын қызметтері бірдей деп қарастыру жаңсақ пікір. Корпоративті саладағы білікті зерттеушілер мен практиктардың ортақ пікірлерін саралап екі түсінікке бөлек тұжырым қалыптасты. Зерттеу барысында анықталған олқылықтарға келтірілген ұсыныстар заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізуге және жоғарғы оқу орындарында тақырып бойынша материал ретінде қолдануға тиімді құрал екені анықталды.

Практикалық нәтижелері – шаруашылық серіктестік туралы заңдарды реттейтін заңнаманы жетілдіру және тиісті нормативтік құқықтық актілерді қабылдауға ықпал ету үшін пайдалануға болатын тиімді ұсыныстар. Жұмыста зерттелген сот практикасының арқасында корпоративті саладағы заңгерлер жарғылық капиталға қатысты өз міндеттерін шешу үшін нәтижелерді қолдана алады. Жұмыс жарғылық капиталды цифрлық валюталармен толтыру мүмкіндіктерін, тәртібін және қауіптерін (риски) анықтайды. Инфляция салдарынан теңгенің құнсыздануына ұшыраған кәсіпкерлер келешекте осы диссертацияда анықталған деректерге сүйеніп, жарғылық капиталдарын цифрлық

валютамен толтыруды жүзеге асыра алады. Зерттеу нәтижелері заң шығарушыларға және реттеушілерге нормативтік актілерді әзірлеу кезінде және мүліктік салымдардың жаңа түрлерін ескере отырып, жарғылық капиталды ұйымдастыру және өзгерту туралы шешім қабылдау кезінде пайдалы болуы мүмкін. Атап айтқанда, практикалық және теориялық нәтижелер келесідей:

1. Жарғылық капиталға енгізуге болатын мүліктердің түрін анықтау. Мүмкін салымдар (ақша, бағалы қағаздар, заттар, мүліктік құқықтар) туралы түсінік заңнамалық түрде кеңейтілді, бірақ цифрлық активтер үшін нақты ережелер белгіленбеген. Іс жүзінде цифрлық мүлік пен құқықтарды енгізу кезінде қиындықтар туындайды. Қолданыстағы реттеу ЖШС қатысушыларына капиталды енгізу нысаны мен мерзімдері тұрғысынан шектеу қоймайтыны анықталды, бірақ нақты нұсқамалардың болмауы сот практикасы қатысушылардың жауапкершілігі арқылы шешетін даулар мен міндеттемелердің орын алуына әкеліп соғады. Сол себептен жұмыстың 3.3 тарауында цифрлық активтерді жарғылық капиталға енгізу мүмкіндіктері мен процессі нақты белгіленген.

2. Заң барлық қатысушыларды келісімімен немесе салымның ақшалай емес түрінде (жылжымайтын мүлік, цифрлық активтер) енгізілген кезде тәуелсіз бағалау арқылы мүлікке салымдарды ақшалай бағалау талабын белгілейді. Іс жүзінде салымдарды бағалау қиын және қосымша процедураларды қажет етеді. Бұл заңды сенімділікті арттыру үшін салымдарды бағалау тәсілдерін унификациялау қажеттілігін көрсетеді.

3. Жарғылық капитал – кредиторларға кепілдік емес. Корпоративті саланы зерттейтін кей авторлардың пікірі мен келісу қиындық туғызды. Кредиторларға қорғау ретінде капиталдың тиімсіздігі туралы қорытындыға сараптамалық пікірлер және сот практикасы қолдау көрсетеді. Екінші жағынан, ең төменгі капиталдың болуы (нөлдік немесе 100 АЕК) тіркеу кезінде тәртіпке ықпал етеді, бірақ серіктестіктің қаржылық тұрақтылығына кепілдік бермейді.

4. Жауапкершілік тетіктерін күшейту. Жарғылық капиталды уақытылы немесе толық енгізбегені үшін нақты санкциялар белгілеген жөн, сондай-ақ кредиторлардың мүдделерін қорғауды арттыру үшін капиталдың құралғаны жөнінде немесе өзгерістер енгізерде кредиторларға хабарлау тәртібін регламенттеу.

Бұл тұжырымдар қазіргі нормативтік-құқықтық базаны және қол жетімді сот практикасын талдау арқылы расталады.

Салыстырмалы талдау қазақстандық модель еуропалық және американдық тәсілдер арасында ең төменгі де емес, жоғарғы орынды да иеленбейтінін көрсетті. Ең төменгі капитал бойынша Қазақстан Германиядан және ЕО-ның кейбір басқа елдерінен төмен, бірақ АҚШ-қа қарағанда неғұрлым қатаң формальды минимумға ие. Сонымен бірге, капитал функцияларын қамтамасыз ету Германияда қолданылатын тәжірибесіне ұқсайды – ірі салымдарды тәуелсіз бағалау және капиталды төмендету туралы хабарлама арқылы кредиторлардың мүдделері қорғалады.

Жарғылық капиталға жаңа салымдарды енгізу тұрғысынан отандық тәжірибе

әлі де артта қалып отыр. Германияда цифрлық валюталардың жарғылық капиталға қосқан үлесі ресми түрде мүмкін және заң бойынша реттеледі. АҚШ-та цифрлық валюталар салым ретінде жарамды мүлік болып саналады. Латвия практикасы Қазақстан заңнамасына қабылдауға ең тиімді себебі толығымен прогрессивті шешімді ұсынады: крипто-активтерді капиталға енгізу ресми түрде рұқсат етілген әмияндарда болған жағдайда ғана мүмкін және реттелуі заңнамада орын алған.

Осылайша, шетелдік тәжірибенің артықшылықтары цифрлық активтерді корпоративтік құқыққа интеграциялау тенденцияларын көрсетеді. Қазақстан үшін бұл криптовалюта жарнасын қолданыс аясын жеңілдетіп, ұлттық құқықты халықаралық нормалармен (мысалы, MiCA регламентімен) үндестіру мүмкіндігін білдіреді. Дегенмен, криптовалюта қолданысын реттейтін нормаларды енгізу ұлттық заңнаманың тек корпоративті саласындағы заңдарды ғана емес, түбегейлі заңнамадағы өзгерістерге әкеліп соғатыны анық.

Зерттеу жұмысында келтірілген ұсыныстар қазақстандық құқықтық модельді озық әлемдік стандарттармен теңесуге және оның экономикалық жағдайын нығайтуға бағытталған. Оларды енгізе отырып, біріншіден, капиталды қалыптастыру рәсімдерінің айқындылығы артады, екіншіден, салымдардың рұқсат етілген нысандарын кеңейте отыра оларға қатаң талаптарды енгізу корпоративтік секторды инновациялар үшін икемді етеді.

Қорытындылай келе, жарғылық капитал әлі де Қазақстан Республикасының корпоративтік құқығында маңызды рөл атқаратынын атап көрсетеді. Алайда, оны нормативтік реттеу қазіргі заманғы өзгерістерді ескере отырып, нақтылау мен дамытуды қажет етеді. Жұмыста келтірілген ұсыныстарды іске асыру корпоративтік қатынастардың тұрақтылығын арттыруға және қатысушылар мен кредиторлардың құқықтарын ұзақ мерзімді негізде қорғауға ықпал ететін болады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі// https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1006061&pos=1325;-39#pos=1325;-39
2. Қазақстан Республикасының Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктіктер туралы заңы// https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1009179
3. Суханов Е.А. Проблемы развития законодательства о коммерческих организациях // Хозяйство и право. 2019. №5. - 50-59
4. Филиппова С.Ю. Оплата уставного капитала при создании ХО: новеллы правового регулирования // Хозяйство и право. 2015. №1.
5. Ф.С. Карагусов. Корпоративное право в Казахстане: создание и управление компаниями. 2024 г.// https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=34521100&searchId=44703407-ba08-4f1c-b451-70135b75dda1&pos=6;-110#pos=6;-110
6. Коммерциялық емес ұйымдар туралы Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 қаңтардағы № 142-ІІ Заңы// https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=51021519&pos=363;-54#pos=363;-54
7. Уставный капитал ТОО. Заседание Клуба корпоративного права 13 февраля 2020 года// <https://www.youtube.com/watch?v=обаPNLZvqe8>
8. Уставный капитал ТОО и доли в нем. 2020 г.// https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=35633101&pos=5;-110#pos=5;-110
9. Федеральный закон от 08.02.1998 N 14-ФЗ (ред. от 08.08.2024) «Об обществах с ограниченной ответственностью»// https://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_17819/fdc9f69f3cb7ff71f07d6135e05bac068effb6d2/#:~:text=Уставный%20капитал%20общества%20определяет%20минимальный,имущества%2C%20гарантирующего%20интересы%20его%20кредиторов
10. Жауапкершілігі шектеулі қоғам туралы Германия Заңы// https://www.gesetze-im-internet.de/gmbhg/_5.html
11. Doing business 2019. Training for Reform// https://www.doingbusiness.org/content/dam/doingBusiness/media/Annual-Reports/English/DB2019-report_web-version.pdf
12. Doing Business 2014. Understanding regulations for Small and Medium-sized Enterprises. // <https://www.doingbusiness.org/content/dam/doingBusiness/media/Annual-Reports/English/DB14-Full-Report.pdf>
13. Калдыбаев А.К. Асаинова Л.С. Обязанности директоров перед компанией // <https://www.zakon.kz/4982247-kak-effektivno-snyat-korporativnyu.html>
14. Глушецкий А.А. Уставный капитал: стереотипы и их преодоление. - изд. Статут. 2017 г. - № 6
15. Калдыбаев А.К. Уставный капитал, от которого надо отказаться // <https://www.zakon.kz/4978269-ustavnyy-kapital-ot-kotorogo-nado.html>

16. № 1599-20-00-2а/768 Азаматтық ісі. 2020 ж. – <https://sb.prg.kz/item/2476718>
17. Е.А. Суханов. «Уставный капитал хозяйственного общества в современном корпоративном праве»// <https://justicemaker.ru/view-article.php?id=4&art=2954>
18. Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер жөніндегі заңнаманы қолданудың кейбір мәселелері туралы// <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P08000002S>
19. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2024 жылғы 28 қарашадағы № 2 Нормативтік қаулысы// <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P240000002S#z233>
20. Основные показатели количества субъектов в Республике Казахстан (на 2024г. https://stat.gov.kz/ru/industries/business-statistics/stat-org/publications/183623/?utm_source=chatgpt.com
21. Определение организационно-правовой формы юридического лица <https://invest.gov.kz/ru/invest-guide/business-starting/registratsiya-yuridicheskikh-lits/>
22. «Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі» 2015 жылғы 29 қазандағы №375-V ҚР Кодексі// https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=38259854&pos=678;-46#pos=678;-46
23. U.S. Federal Reserve floats plan to set capital requirements for some insurers // Reuters. September 6, 2019.
24. И.С. Шиткина - Корпоративное право. Учебный курс - М. 2017 г.
25. Ф.С. Карагузов. Основные особенности развития корпоративного права в Республике Казахстан.// [\[DOC\] Основные особенности развития корпоративного права в ...online.zakon.kz > amp > download](#)
26. European Central Bank. Virtual Currency Schemes. – Germany: 2012. – р. 10 // <https://www.ecb.europa.eu/pub/pdf/other/virtualcurrencyschemes201210en.pdf>
27. Müller/Stoltz/Kallenbach, Die Einlage von Kryptowährungen zur Gründung einer Gesellschaft, Jusletter: 2019
28. Nichawan Thamrongsak, Mia Varis. The Rise of Cryptocurrencies as an Investment Hedge // Lund University School of Economics and Management. – 2021.
29. Kirill G. New Regulation of Digital Assets in Kazakhstan. 2023 // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=39953957&pos=53;-56#pos=53;-56
30. I. Bashir. Blockchain: architecture, cryptocurrencies, development tools, smart contracts. – 2019. 35 p.
31. G.O. Voloshina. Cryptocurrency as an investment in the charter capital of an economic partnership: challenges and foreign experience. 2018 y. // <https://zandy.io/title/10.32839/2304-5809/2018-12-64-112>
32. Blockchain and Cryptocurrencies in Kazakhstan: Law and Taxes. 2017// https://forbes.kz/articles/blokcheyn_i_kriptovalyutyi_s_tochki_zreniya_zakona_i_nalogov_v_kazahstane#:~:text=Сегодня%20операции%20с%20криптовалютами%20разрешены,активное%20внедрение%20криптовалюты%20в%20качестве

33. Decree of the President of the Republic of Uzbekistan dated July 3, 2018 No. PP-3832 "On Measures for the Development of the Digital Economy and the Circulation of Crypto Assets in the Republic of Uzbekistan."// https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=36535421
34. Regulation on the Procedure for Issuance, Registration of Issuance, and Circulation of Crypto Assets by Residents of the Republic of Uzbekistan dated November 24, 2022 No. 61.
35. The Law on Crypto-asset Services// <https://likumi.lv/ta/id/353012-kriptoaktivu-pakalpojumu-likums>
36. MICA Regulation (EU) 2023/1114 of the European Parliament and of the Council of 31 May 2023 on markets in crypto-assets <https://eur-lex.europa.eu/eli/reg/2023/1114/oj>
37. Regulation MICA article 3 <https://eur-lex.europa.eu/eli/reg/2023/1114/oj>
38. <https://bitcoinmagazine.com/business/italian-company-becomes-first-legal-entity-incorporated-bitcoin-1428360989>
39. Newspaper "Kommersant" No. 216/P. 2019. p. 7.
40. S.P. Moroz. Digital Assets as an Object of Civil Rights. 2023// <https://doi.org/10.31489/2024L1/94-105>
41. Nurmoldayev A.T. State Regulation of the Virtual Asset Market in the Republic of Kazakhstan. 2022// <https://repository.apa.kz/bitstream/handle/123456789/1040/Нурмолдаев%20Аслан%20Талгатович.pdf?sequence=1&isAllowed=y>
42. Vyshkvartsev V.V. Is it Possible to Contribute Cryptocurrency to the Charter Capital of a Limited Liability Company? 2019 // <https://reg-bp.ru/vnesenie-kriptoalyuty-v-ustavnyj-kapital-ooo#:~:text=и%2С%20принимая%20во%20внимание%20динамику,отражено%20в%20системе%20бухгалтерского%20учета>
43. Христофорова И.В. Корпоративное управление в России: формирование и развитие комплекса интеграционных стратегий: монография. - М.: Изд. "Научный консультант". 2015 год.
44. Суханов Е.А. Сравнительное корпоративное право. <https://www.litres.ru/book/e-a-suhanov/sravnitelnoe-korporativnoe-pravo-39992731/chitat-onlayn/>
45. С.Ю. Филиппова - Оплата уставного капитала при создании хозяйственного общества: новеллы правового регулирования - М. 2015 г. №1 <https://cyberleninka.ru/article/n/ponyatie-i-priznaki-aktsionernogo-obschestva-v-svete-reformirovaniya-gk-rf/viewer>
46. Gerald S. Digitalization and Corporate law – a view from Germany – научная работа. ECFR 2019, 106-148.
47. World bank ECA Economic 2018. Cryptocurrencies and blockchain. Washington DC: 44 б.
48. Deloitte 2023. The use of cryptocurrency in business. <https://www2.deloitte.com/content/dam/Deloitte/us/Documents/audit/us-corporates-using-crypto-pov.pdf>

49. Zachary M. Seward. (2022). Ben Bernanke's letter to Congress: Bitcoin and other virtual currencies "may hold long-term promise". <https://qz.com/148399/ben-bernanke-bitcoin-may-hold-long-term-promise>

50. Бондарев А., Карагусов Ф. (2024). Правовой режим криптовалют в Казахстане и невозможность контроля за их обращением. https://www.researchgate.net/publication/385274683_The_legal_regime_for_cryptocurrencies_in_Kazakhstan_and_impossible_control_of_their_circulation#

51. Сулейменов М., Карагусов Ф. (2021). Концепция рекодификации ГК Украины и модернизация ГК Казахстана: сравнительный анализ основных идей. https://www.katpartners.kz/Articles/GK_Ukr-KZ.pdf#:~:text=тому%2C%20что%20в%202020%20году,активов%2C%20а%20так%20же%20особенности%20оборота

52. Предложения НИИ частного права Каспийского университета по основным направлениям развития гражданского законодательства Республики Казахстан. – https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=37068414